Бекітемін:

меңгеруші Ш.Т.Жусупова

№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы МКҚК бойынша

әкелер, аналар, аталар мен әжелер мектебінің

(ата-аналар мектебі) 2024 жылға жоспары

Ақтөбе – 2024 жыл, қаңтар

№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы МКҚК бойынша

әкелер, аналар, аталар мен әжелер мектебінің (ата-аналар мектебі)

2024 жылға жоспары

«Әкелер мектебінің» жоспары			
№	**Іс-шара атауы**	**Өтетін мерзімі**	**Жауапты орындаушылар**
1.	Балабақша бойынша «Әкелер, аналар, аталар мен әжелер мектебін» құру, жұмыс жоспарларын бекіту	Қаңтар айы	Меңгеруші, әдіскер
2.	«Отбасы – рухани жаңғыру негізі» тақырыбында апталық ұйымдастыру. Апталықта «Отбасындағы әке орны», «Отбасындағы әкенің беделін қалай арттыруға болады» тақырыбында тәрбие сағаттарын, дөңгелек үстел өткізу	Ақпан айы	Әдіскер, психолог
3.	Отбасының тәрбиелік әлеуетін, мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің ата-аналарымен қарым-қатынасын үйлестіру және отбасылық тәрбиені жақсарту мақсатында «Балабақшадағы бір күн» жобасын «ашық есік» күнін іске асыру. Тоқсанына бір күн	Әр тоқсан сайын	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер
4.	«Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды» әке тәрбиесінің маңызы жайлы пікір сайыстар өткізу	Ақпан айы	Әдіскер, тәрбиешілер
5.	«Сенің өміріндегі әкенің рөлі қандай?» тақырыбында ата-анамен бірлескен видеоролик түсіру	Наурыз айы	Әдіскер, тәрбиешілер
6.	«Әке –тірек, бала-жүрек» тәрбие бастауы отбасынан / дөңгелек үстел /	Шілде айы	Әдіскер, психолог
«Аналар мектебінің» жоспары			
№	**Іс-шара атауы**	**Өтетін мерзімі**	**Жауапты орындаушылар**
1.	Қашықтықтан Отбасылық коллаж жасау/А3 форматта/ байқауын өткізу	Сәуір айы	Әдіскер, тәрбиешілер
2.	«Әкем, анам және мен» атты отбасылық спорттық сайыс	Мамыр айы	Дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшілері
3.	«Адам болатын бала алысқа қарайды» аналары мен балалар	Маусым айы	Музыка жетекшілері, тіл

	шығармашылығынан фестиваль өткізу		маманы
4.	«Бәрі де ,ана, бір өзіннен басталады…» /мерекелік шара/	Наурыз айы	Музыка жетекшілері, тәрбиешілер
5.	«Үйрен жақсы әдептен» /ата-аналарға арналған психологтың кеңесі/	Мамыр айы	Психолог, әдіскер
6.	«Бос уақытыңызда балаңызбен қандай жұмыс жасайсыз?» /әңгіме шолу/	Маусым айы	Психолог, тәрбиешілер
7.	Баланың отбасы мүшелерімен қарым-қатынасы /дөңгелек үстел/	Шілде айы	Психолог, тәрбиешілер
8.	«Бала өмірінде ұялы телефонның зияны» /түсінік жұмыстары/	Қыркүйек айы	Әдіскер, психолог
«Аталар мектебінің» жоспары			
№	**Іс-шара атауы**	**Өтетін мерзімі**	**Жауапты орындаушылар**
1.	«Жеті атаңды білесің бе?» тақырыбында ата-әжелермен бірлескен балабақшаішілік танымдық сайыстар өткізу	Наурыз айы	Әдіскер, тәрбиешілер
2.	Ата-әжесімен бірге қолөнер бұйымын жасау. /видеороликтер байқауы/	Сәуір айы	Әдіскер, тәрбиешілер
3.	«Қамшы ұстарды тәрбиелеу» ұл бала тәрбиесі жайлы дөңгелек үстел	Маусым айы	Әдіскер, психолог
4.	«Отбасы - тәрбиенің ұясы» /баяндама/	Қараша айы	Әдіскер, психолог
«Әжелер мектебінің» жоспары			
№	**Іс-шара атауы**	**Өтетін мерзімі**	**Жауапты орындаушылар**
1.	«Қарттарым- асыл қазынам» /әжелер кеңесі мүшелерімен кездесу/	Тамыз айы	Меңгеруші, әдіскер, психолог
2.	«Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер» /әжелермен салт-дәстүрлерді насихаттауға арналған тренинг/	Қыркүйек айы	Әдіскер, тәрбиешілер
3.	«Оқырмандар отбасы» /әжелермен оқыған кітаптар бойынша сахналық көріністер байқауы/	Қазан айы	Музыка жетекшілері, тәрбиешілер
4.	«Ата-аналар мектебі» мүшелері /қорытынды есеп/	Қараша айы	Меңгеруші, әдіскер, ата-аналар

МКҚК№45 “Алтын бала”бөбекжай-балабақшасы

“Балалардың балабақша өмірінің жағдайына қалыптасуы”

Дайындаған:Ермағамбетова.Ш.Ж

Ақтөбе-2024ж

Балалық шақ - адам өміріндегі ең маңызды шағы, болашаққа дайындығы емес, нағыз, жарқын, қайталанбас өмір.
Осы шақта қолынан кім жетектегені, қоршаған ортадан жүрегі мен санасына не қонғанын - осы деңгейге қарап шешуге және бүгінгі сәби қандай адам болатыны байқалады».

В.А. Сухомлинский

Баланың әлеуметтенуі қашан қайта басталады? Әрине бірінші отбасында және балабақша келгенде. Балабақша таныс емес үлкен адамдармен , балалармен танысады, мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгереді. Жаңа жағдайға бала қалай үйренеді? Өкінішке орай балабақшаға бейімделу көбінесе қиын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, ұйықтамайды, балалармен және үлкен адамдармен араласудан бас тартады да , қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді , ойыншықтарды ойынға қатыстырмайды.

Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері:

Басқа адамға бұрын қалып көрмегендіктен, дәретке өзі отырып үйренбегендіктен, кейбір тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы қызылша, орамжапырақ , қатты тамақты шайып үйренбеген (құрттайнан) балабақшаға келген алғашқы күндері бала 2 сағатқа қалу керек. Көбінесе ата-аналар жұмыс тәртібін айтып , баланы күні бойы балабақшаға қалдырады. Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады.Балаңызбен үйде сөйлесесіз бе? Оны мақтайсыз ба , оны жақсы көретініңіз туралы айттыңыз ба? Ата-аналардың балаға эмоционалдық әсері кобінесе жағдайды қиындатады. Әр отбасында бейімделудің үш түрі бар, жеңіл түрі-баланың мінез-құлығы 10-15 күнде қалпына келеді . Орташа ауырлық бейімделу – 1 айдың ішінде , ауыр бейімделу – 2 айдан 6 айға дейін өтеді.Қобалжулары қатты ата – аналардың балалары да балабақшаға қиын бейімделеді , өйткені ата - ананың қобалжуын көріп , баланың қорқынышы ұлғая бастайды. Осы кезде ата – ана балаға көмек беруі керек.

Ертеңгілік қоштасуды жеңілдету тәсілдері:

- Баламен тез қоштасып үйреніңіз.Қоштасуды созбаңыз.Бала сіздің қобалжығаныңызды көріп тынышталуы ұзаққа созылады.
- Балаңыз сізге сенсін десеңіз, балабақшаға әкеліп көрінбей қашып кетпеңіз.
- Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін ойлап табыңыз және оны қатал ұстаңыз.
- Балабақшаға барғаны үшін жаңа ойыншық сатып алып, балаңызды алдарқатыңыз.

Балаға анық түсінік беру керек. Бір рет болсын баланың дегенін істесеңіз әрі қарай баланы көндіру өте қиынға түседі.
2 – 3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс.Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдай көп өзгеріске түседі.

Сондықтан кеңес береміз.

- Үйдегі жағдайда балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз
- Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз.
- Үйдегі жағдайда баланы өзіне – өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну өз бетімен тамақтану тамақ ішкенде қасықты пайдалану, гаршоккa сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт, шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.
- Баланың «социалдық көк жиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.
- Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуға.Сондай – ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшаға беріп жібергеніңіз абзал.
- Жоспарлаңыз:балабақшаға бірінші келген мезгілінде балаңызды бірінші күні ақ күн ұзағына қалдырмауды. Балабақшаға жаңадан келген балалар алғащқы аптада үш төрт сағат, одан әрі түске дейін, айдың аяғына таман егер тәрбиеші кеңес берсе күні бойына қалдырылады.
- Кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмау үшін «демалыс» алуға болады.
- Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп шұғылдануды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.

Балабақша - баланың «жаңа өмірге» деген алғашқы қадамы.Балабақшаға бейімделу кезеңі бала мен анаға аса ауыр тимеуі үшін, баланың да, оның ата-анасының да балабақшаны ұнатуына көмектесетін қарапайым ережелерді басшылыққа алған жөн:

- Баланың қарым-қатынас ортасын ұлғайту, баланы құрбылырымен және үлкендермен қатынас орнатуға дағдыландыру;
- Баланы қарапайым өзін-өзі күту дағдыларына үйрету, өз бетімен стөлге отыру, тамақ ішу, қасықпен қолдану, киінуге, жуынуға белсенді қатысу т.с.с;
- Өз бетімен жасаған әрекеттерін мадақтау;

- *Баланы балабақша күн тәртібіне біртіндеп үйрету. Алғашқы күндері баланы бірнеше сағатқа ғана қалдырып, түске дейін, серуен кезінде алып кетесіз. Бірте-бірте бұл уақыт аралығын ұлғайтып, түскі астан кейін, түскі ұйқыдан кейін, бесін астан кейін әкетуіңізге болады. Егер ешқандай шиеленістер болмаса, онда 1-2 аптадан соң қалыпты күн тәртібіне көшуге болады;*
- *Ешқашан баланы балабақшамен немесе тәрбиешімен қорқытпау. Балабақшаның кейіпін жағымды етіп жасаған маңызды, оның қуанышты сәттеріне басым назар аударыңыз. Бірақ, баланы керемет рақат өмірге дәмелендірмеңіз, баламен адал, таза болыңыз;*
- *Балаға ойыншықтарды талқылауға көмектесу: олармен қалай қолдануды, сюжеттік көріністі, ортақ әрекеттерді көрсету, баланы ортақ ойындарға қатыстыру;*
- *Басқа адамға бет бұруға, ойыншықтармен бөлісуге, жылағанды аяуға т.б. үйрету;*
- *Тәрбиешімен қарым-қатынаста болу. Баланың әлдеқандай дағдылары немесе кейбір азық-түліктерге аллергиясы жайлы ескертуді ұмытпаңыз. Баланың жетістіктеріне шынайы қызығушылық таңытыңыз;*
- *Жағдаяттардың бірі – таңертең баланың ата-анасынан жылап қалуы. Сіз балаға, оны тек бірнеше сағатқа ғана қалдыратыңызды және солай болу керек екенін түсіндіріп, жақсы көретіңізді айтып, белгілі бір уақытта мінтетті түрде алып кетем деп айтқаңыңыз жөн. «Қоштасу көрінісін» созбаңыз. Ата-ана кеткеннен соң, бала бірнеше минуттан кейін тынышталады. Бала жыламай, тыныш қоштасқан күндері, оны мақтауға ұмытпаңыз;*
- *Балабақшаға бейімделу кезенінен бала ғана емес, ата-ана да өтеді. Ең алдымен, өзіңізді «кіңәлімін» деп есептемеңіз. Баланы балабақшаға беру мәселесіне өте қатты уайымдайтын болсаңыз, бала оны «сезіп», сізбен қоштасарда қиналады. Баланың көз жасына қарамай кеткеніңіз үшін, өзіңізді құбыжықтай сезінбеңіз;*
- *Баламен әрқашан әңгімелесу. Бақшада қандай жақсы сәттер болғаның, не үйренгенің, кіммен ойнағаның, не істеу қиын болғаның сұрап, білген жөн. Баламен қаншалықты жақын сөйлессеңіз, қарым-қатынасыңыз да соншалықты жылы болады.*

№45 «Алтын бала» бөбекжай балабақшасы

«Сәбидің қалыптасуына жаңа көзқарас»

2024-2025 оқу жылы

Жоспар:

1. Баланың қалыптасуына ықпал ететін факторлар.
2. Баланы «дамыту», «тәрбиелеу», «қалыптастыру», «әлеуметтендіру» ұғымдары және олардың арақатынасы.
3. Отбасы – бала тұлғасын әлеуметтендірудің факторы және белсенді субъектісі.

Тұлғаны **«дамыту», «тәрбиелеу», «қалыптастыру», «әлеуметтендіру»** ұғымдары және олардың арақатынасы. Педагогика ғылымында тұлғаны тәрбиелеу, білім беру, оқыту, дамыту, қалыптастыру, әлеуметтендіру, табыстылық, тұлғаның құзыреттілігі т.б. негізгі категориялары мен ұғымдары болып табылатыны белгілі. Тәрбие үдерісінде баланы «дамыту», «тәрбиелеу», «қалыптастыру», «әлеуметтендіру» бір — бірімен тығыз байланыста дамиды. Даму дегеніміз, ең алдымен адам ағзасындағы физиологиялық және психологиялық сапалық өзгерістер. Бұл өзгерістер белгілі бір әлеуметтік ортада болады. Адам биологиялық жанды зат ретінде дүниеге келеді де, ол даму үрдісінде әлеуметтік қызметтерді (өмірге, адамдарға, еңбекке, тұтастай қоғамға қатысты, т.б.) атқару арқылы ғана тұлға болып қалыптасады. Тәрбие әлеуметтік көзқарас тұрғысынан қарағанда қоғам бақылайтын және түзету енгізетін, жастарды мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар арқылы басқарып бағыттайтын, қоғамның қазіргі және болашақ өміріне қатысуға мақсаттылықпен даярлау ісі. Тәрбие туралы түсінікке баланың жеке басының қалыптасуы мен дербес ерекшеліктерін ескерумен іске асырылатын толық қанды және толық құқылы тұлға тәрбиелеуге болады деп тануды талап ететін және педагогикалық үдерістің субьектісі ретінде тұлғаның қоғамдағы жаңа ұстанымы орнығады.

Тұлғаның қалыптасуы ұғымына баланың қоғамда өздігінен өмір сүруге қабілеттілігі, өз тағдырына өзі үкім ете білуі және өзінің қарым-қатынасын түсіне білу қабілетін меңгерген, сонымен бірге құндылық атаулыны тұрақты таңдай алу сияқты дамудың шартты түрдегі жетістіктері жатады.

Тұлғаның қалыптасуы – тұлғаның шындықпен өзара әрекеті барысындағы өзгеріске түсу үдерісі және оның дене құрылысы мен әлеуметтік-психологиялық жаңаруындағы өзгерістердің пайда болуы. Оқушы тұлғасының дамуы мен қалыптасуында тәрбие ортадан дамуына қажетті материалды іріктейді;

жағымсыз ықпалдардан шығу жолдарын іздестіреді; оқушының мүмкіншілігін анықтайды, ашады, табиғи нышандарының дамуына жағдай жасайды.
Тұлғаның дамуы мен тәрбиесі көптеген идеяларға негізделеді:
— адамды қабілетіне және дарындылығына сүйеніп, жан-жақты дамыту;
— ересек адамдар мен балалардың бірлесу ісәрекеттерінің ынтымақтастығы, мұғалім мен балалар еңбегінің бірлестігі, мұғалімнің балаға ерекше көңіл аударуы, ата-аналармен мен мұғаліммен ынтымақтастық, өзін-өзі құрметтеу идеясы , өзінөзі тәрбиелеу т.б.
Тәрбие адамның ішкі жан дүниесіне ұнамды қозғау салып, өзіндік өңдеу белсенділігін арттыра алса ғана, адам өз дамуындағы қызметін орындай алғаны. Қалыптасу түсінігіне келетін болсақ, ол жеке адам дамуының нәтижесі ретінде оның кемелденуін және тұрақты сапалар мен қасиеттерді иемденуін білдіреді. Балада табиғаттан, тумысынан жалпы адамдарға тән сөйлеу мәдениеті және жеке өз басына байланысты әртүрлі нышандар қоры, табиғи қасиеттері жеке адамның өзіндік мүмкіншіліктерін құрайды, солар арқылы түрлі қабілеттіліктердің қалыптасуы басталады. Табиғи мүмкіншіліктер адамның әлеуметтік өмір әрекеттерінің барысында дамиды.
Адамның өмір сүру ортасы болмаған жағдайда табиғи нышандардың, қабілеттіліктер мен бейімділіктердің де күші жойылады.
Жеке адамның қалыптасуында өзін-өзі тәрбиелеудің маңызы зор, ол – адамның саналы түрде, белгілі бір мақсат көздеп өзінің бойына қалыптастыратын қасиет, мінез-құлық, дағдысына бағытталған жұмыс. Егер тәрбие жеткіліксіз, әлсіз болса баланың қалыптасуына кері әсер етеді.

Жеке тұлға дамуы мен қалыптасуында ықпал жасаушы әсерлер екі топқа бөлінеді: ішкі және сыртқы. Қоршаған орта, тәрбие – сыртқы әсерлер. Сыртқы әсерлерінен пайда болатын сезімдер мен толғаныстардың жиынтығы – ішкі әсерлерге жатады. Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы – осы екі фактордың байланысынан пайда болады. Тұлғаны әлеуметтендіру біріккен қарым-қатынас іс-әрекет барысында қалыптасады. Педагог кез келген қызметке кірісуі үшін алдын ала қойылатын талаптарды ескереді. Педагогикалық талапты орындау ғана педагогикалық мақсатты қатынастардың нәтижелі болуын қамтамасыз етіп қоймайды. Балалар ұжымындағы шағын топтардың пікірі мен беретін бағасы және іс-қылықтары да маңызды.

Ата — баба дәстүрінен бастау алатын ұлттық мәдениет, руханилық адам бойындағы негізгі құндылықтардың бірі болып табылады. Рухани — адамгершілік құндылықтар халқымыздың бойындағы құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған заңдылық тұрғысынан да қарастыруға болады. Көне түркі заманнан бастау алған рухани — адамгершілік құндылықтар тұлға бойындағы ізгілік қасиеттерді қалыптастырады.

Баланың қоғамға бейімделуі, әлеуметтенуі, тұлғаның бойындағы ұлттық құндылықтарды, ұлттық сананы, танымын қалыптастыру болып табылады.

МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

Бекітемін:
№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақша меңгерушісі
Ш.Т.Жусупова_____

Кеңес

Тақырыбы«Мектепалды даярлық және бастауыш класс оқушыларының ақыл-ойын дамытудың сабақтастығы

Тәрбиеші: Айткалиева Сандугаш Муратовна.

2024-2025 оқу жылы

Білім беру мен тәрбиелеудің алғашқы баспалдағы – мектепке дейінгі мекеме болса, ондағы бала дамуына жасалған игі істер, педагогикалық ізденістердің маңызы арта түспек. Сондықтан қазіргі балабақшадағы оқу-білім беруге арналған инновациялық қызмет - мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының кәсіби дамуының ең басты факторы болып отыр.Балаға білім мен тәрбие беруді саналы-сапалы етіп қызығушылықтары мен өміршеңділігін арттыру негізгі мақсатым, тәрбиеші өз тобының жас ерекшелігіне, мүмкіндігіне қарай технологияның түрлерінің лайықтысын таңдап қолданады. Мен ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамытуға көп көңіл бөлемін.

Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын - балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі.Ойындардың негізгі мақсаты - балаларың ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын, есте сақтау, қабылдауын дамытуға, икемділікті арттыруға, өзінің жеке құрбыларының іс-әрекетін бағалай, құрметтей, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей білуін анықтау, қалыптастыру.Ойын – оқу үдерісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық санат. Ойын үлгісінің технологиясы баланың нақ осындай белсенділіктерін арттырады. Кез - келген бала да, адамның мәдениеті де ойын арқылы дамиды. Ал бүгінгідей динамика ғасырында, оқу процесінде ойын алдынғы орында, яғни ойын технологиясы арқылы баланың оқуға ынтасын, қызығушылығын арттыру жеңіл болмақ.

Ойынның түрлері өте көп. Мысалы: рөлдік ойындар, денешынықтыру ойындары, сюжеттік ойындар, дидактикалық ойын элементтерін пайдаланудың маңызы өте зор. Дидактикалық ойындар баланың ақыл - ойын дамытып, сабаққа

деген қызығушылықтарын арттырады.

Кез - келген сабақты өткізу үшін дидактикалық ойындар қолдана білу керек. Рөлдік ойындар мектепке дейінгі балалардың өмірінде елеулі орын алады. Бұл ойындар ұзақ та, қысқа да болу мүмкін. Сюжетті - рөлді ойындар бейнелеу құралы рөл мен ойын әрекеті болып табылады. Өзінің сипаты жағынан бұлар көбінесе еліктеу, шындықты көрсету болып табылады. Мысалы «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушы әрекеттеріне еліктейді., ал «Мектеп» болып ойнағанда мұғаліммен оқытушының әрекетіне еліктейді. «Отбасы» ойындары арқылы айналадағы өмірді бақылауға, күнделікті өз өмірлерінен алған білімдерін ойын сюжетіне пайдалануға төселдіруге болады.

«Ұлттық қазақ ойындары: «Қыз қуу», «Орамал тастау, «Асықтар», «Бәйге» ойындары. Бала өмірінің кезеңі ойын арқылы жетіледі. Ойындар әр топта жас ерекшелігіне сай жүргізіледі. Мен өз тәжірибемде ойындарды көп қолданамын. Сабақ барысында да, күннің жартысында да жүргіземін. Баланың тілін жетілдіру үшін оны әңгімеге тарта отырып, баланың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтырып, түсінігін молайту қажет. Баланың тілін дамытуда ойын түрлерін жүргізу арқылы, ойын шарттарын айта отырып та байытуға болады. Мысалы: «Қуыршаққа қонаққа бару», «Мен кіммін», «Қуыршақты киіндіреміз», «Шарбақты құрастыру», «Көлемі бойынша қой» деген секілді ойын түрлерін қолдануға болады.

Құммен ойын - балалар мен ересектердің эмоционалдық хал-жағдайларына оң әсер етеді, бұл баланың өзіндік дамуы үшін тамаша құрал болып табылады.

Құмдағы ойындар - баланың табиғи әрекеті формаларының бір түрі. Сондықтан да біз, ересектер, құммен ойнайтын орындарды оқыту және дамыту сабақтарында қолдана аламыз. Құмнан суреттер салып, әртүрлі оқиғаларды ойлап тауып, біз бала үшін әлдеқайда қызықты түрде оған өзіміздің біліміміз бен өмірлік тәжірибемізді, қоршаған әлемнің заңдылықтары мен оқиғаларын жеткізе аламыз.

Құм терапиясының маңызы: бала өзі жайлы, қорғалған күйде сезініп, шығармашылық белсенділік танытатын табиғи стимулдық орта қалыптастырады және танымдық, психикалық процестерді дамытады, ол түйсік, есті, зейінді, қиялды, кеңістік түсінікті, тактильді-кинестетикалық сезімділік пен қолдардың ұсақ моторикасы дамиды. Мен кез келген ойын түрлерін сабағымның тақырыбына сай таңдап аламын. Әсіресе дидактикалық ойындарды тіл дамыту сабақтарында пайдаланудың тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр. Сабақты бекіту, баланың шығармашылығын дамыту, тіл байлығын молайту үшін ойындар сабақтың тақырыбына, мазмұнына сай таңдап аламын. Мысалы: «Телефон» ойынында диалогтық сөйлеудегі әңгіменің мақсаты - бір нәрсе жайында сұралып, баланың оған жауап беруге, белгілі бір әрекетке түрткі болуға үйрету болып табылады.

Барлық балалар ертегіні жақсы көреді, ертегі айтып берсең бар ынтасымен тыңдайды. Ертегі балалардың ой - қиялын, сөздік қорын дамытады.

Құрылымдық ойындар - балалар әрекетінің бір түрі. Оның негізгі мазмұны қоршаған өмірді алуан түрлі құбылыстарды және соларға байланысты іс - әрекеттерді бейнелеу болып табылады. Құрылыс ойыны бір жағынан сюжетті - рөлді ойнауға ұқсас келеді. Балалар ойын үстінде көпірлер, стадиондар, темір жолдар, театрлар, цирктер т. б. ірі құрлыстар салады.

Бала тәрбиесі қиын да, жауапты міндет. Ұрпақ тәрбиесі қоғамнан тыс, оқшау тұрған емес. Ол қоғамның, заманың бағыт - бағдармен, тыныс - тіршілігімен бірге жүріп отырады. Осы орайда кез - келген бүлдіршін үшін бала тәрбиесі ата - анасына берілген тәлім - тәрбиені одан әрі жалғап, жандыратыны сөзсіз.

Балабақшада тәрбиеленушілердің танымдық іс - әрекетін қалыптастыруда негізгі жұмыс түрі - ойын әрекеті.

Бала саналы, мәдениетті, адамгершілігі мол болып, жан - жақты дамуы үшін және тілін дамытып, сөз байлығын дамыту үшін және айналадағы өмір құбылысын ұғыну үшін пайдаланудың маңызы зор.

Ойын үстінде баланың түрлі қасиеттері, қабілеті мен белсенділігі де көрінетіні туралы аса көрнекті педагог А. С. Макаренко былай дейді: «Ойында бала қандай болса, өмірде кәсіби қызмет саласында, көбінесе сондай болады». Сондықтан келешекке адамды тәрбиелеу - бәрінен бұрын ойын арқылы жүзеге асыралады. Ойын - балалар үшін айналадағы танып, білу тәсілі. Балалар ойын кезінде тыныш отыра алмайды. Тіпті жалғыз баланың өзінде де сөйлесіп жүреді. Сондықтан, ойын барысында тілдесім үлгісі қалыптасады.

Қорыта келгенде, жоғарыда келтірілген көптеген жаңа инновациялық технология түрлері, оны оқу-тәрбие үдерісінде қолдану жолдарын игеру әр тәрбиешінің өз қызметіне қарым-қатынасын танытады.

«Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

Бекітемін ----------
меңгеруші: Ш. Т. Жусупова

«Эстетикалық қарым-қатынасты музыкалық бейне шығармалар арқылы қалыптастыру»

Дайындаған ***: Музыка жетекшісі: Әлжанова Анаргүл Әбілқайыровна***

2024-2025 ж

«Эстетикалық қарым-қатынасты музыкалық бейне шығармалар арқылы қалыптастыру»

Мазмұны:

Кіріспе.
1.Эстетикалық тәрбие туралы жалпы түсінік
2.Эстетикалық тәрбие берудің мақсаты мен міндеттері
3.Эстетикалық талғамын қалыптастыру жолдары
Қорытынды.

Кіріспе

Бүгінгі таңда еліміздің дағдарыстан дамуға өтіп, даму жолының бастамасы білім саласында мектепке дейінгі мекемеден басталмақ. Сондықтан, балабақшаға оның ішінде музыка ұйымдастырылған іс-әрекетіне көбірек көңіл бөлу керек деген ойды жүзеге асыру үшін мен тақырыбымды «Музыка арқылы балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру» деп алдым.

Егеменді еліміздің болашағы бүлдіршіндердің білім дәрежесінің тереңдігімен өлшенеді. Қазіргі заманғы білім беру әлеуметтік құрылымының маңызды элементтерінің біріне айналды. Адамның жеке басын қалыптастыру негізі балабақшадан қаланатыны белгілі. Балабақшадан бастап балаларға білімнің қыры мен сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау адамгершілік қасиеттерін дарытып Қазақстан Республикасының азаматы деген атаққа лайық болатындай етіп тәриелеу – біздің міндетіміз болмақ. Сондықтан да балабақшадан бастап балалардың жан-жақты дамуына басты назар аударылуы керек.

Эстетикалық тәрбие туралы жалпы түсінік

Эстетикалық тәрбиені бала кезеңнен бастау жан — жақты жарасымды дамыған ұрпақ тәрбиелеудің алғы шарты. Әсемдікті бағалай білу қабілетін жетілдіруге бағытталған мақсатты жүйе. Эстетикалық тәрбие — дұрыс дамытуға, білімге құштарлығын арттыруға ықпал етеді. Байқағыштығы мен әсерленгіштігін тереңдетеді. Әсемдікті сезіну балалардың өмірін жақсылық істеуге талпынысын, белсенділігін тудырады. Эстетикалық тәрбие дегеніміз — еңбектегі, тұрмыстағы, өнердегі әсемдікті дұрыс қабылдауын, түсінуінге тәрбиелеу. Эстетикалық тәрбие — сұлулықты тану, сүйе білу, оны шығармашылықпен өмірге ендіре білу қабілетін, дамытады. Эстетикалық тәрбие — кең ұғым.

Эстетикалық тәрбиенің мақсаты — балалардың шығармашылық қабілеттерін, әлемді сұлулық заңдары арқылы тануға қызығушылықтары мен талпыныстарын дамыту.

Эстетикалық тәрбие міндеттері:

• музыка арқылы баланың сезімдері мен талғамдарын дамытып, сұлулық

туралы ұғымдарын қалыптастыру
• әсемдікке үлесін қосуға тәрбиелеу.

Эстетикалық тәрбие — сұлулық пен дүниенің әсемдігін сезіну — әдемілікті, бойына өнерге және шындыққа деген әсемдік көзқарас тұрғысында балаларға эстетикалық тәрбие беру арқылы, бала әлем сұлулығын көре және сезіне алады, сонымен қатар баланың көркем-шығармашылық қабілеттері мектеп жасына дейінгі балалаға эстетикалық тәрбие берудің маңызын анықтау.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қабілетін дамыту — бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі, ұйымдастырылған іс-әрекетіне енгізудің маңызы зор. Балалардың бойына өнерге және шындыққа деген әсемдік көзқарас тұрғысында қарауды қалыптастыру болып табылады.

Мұндағы мақсат – баланы дамыту. Шығармашылық іс — әрекеттерге қатыстыру, сол арқылы әсемдік руханиятқа, өркениеттің өріне шығып, одан нәр алу, сенсорлық әрекетін дұрыс дамытуға, білімге құштарлығын арттыруға ықпал етеді. Байқағыштығы мен әсерленгіштігін тереңдетеді. Әсемдікті сезіну балалардың өмірін байытып, бір – біріне жақсылық істеуге талпынысын, белсенділігін тудырады.

Эстетикалық тәрбие — дегеніміз баланың ақыл-ойы мен сезімін, ұшқыр қиялы мен тәрбиені жүзеге асыру үшін балалардың әсемдік сезімі мен ұғымын, көркемдік, шығармашылық қабілетін үздіксіз дамытып, ес біле бастағаннан өзі жете түсінбесе де жарқын, тартымды нәрсенің бәріне ұмтыла бастайды, мәселен, жылтыраған ойыншықтар қызығушылық сезімін туғызады. Эстетикалық тәрбие алған балалар жарқын, әсем атаулының бәріне жәйғана ұмтылып қана қоймай, сұлулықты жан бірлігі ретінде қабылдайды. Эстетикалық қабылдау сезім мен тебіренумен тығыз байланысты. Музыка жетекшісі баланың сұлулықты қабылдауынан бастап, оған эмоциялық жауап қату, оған баға беру өмірге қалыптастыруға дейін жетелеп отыруы тиіс.

Мектеп жасына дейінгі балаларға тән ерекшелік- бұл шындықты соншалықты пәк, тікелей бейнелейтіндігінде, ғаламат шынайылығында, бейнелейтін заттың ойын кезінде әсерін бейнелі түрде жеткізе білуіне музыка жетекшісі үнемі көмектесіп отыруы керек. Мазмұнды- рөлді ойындарға тақырыпты, мазмұнды таңдап қана қоймай ізденіс қажет. Мектепке дейінгі балаларда шығармашылық нышандары байқала бастайды, ол өз білімін, ұғымын құрастыра білуінен өзінің ойын, сезімін, шығармашылық қабілетін дамыту үшін оларға үнемі ақыл- кеңес беріп, дұрыс тәрбие үлгісін көрсеткен жөн. Олар өздігінен сөз, ән, би қимылдарын жеткізу тәсілдерін меңгереді. Тәрбие баланы әсемдікке баулиды, жағымды қабілетін дамытуда, музыка жетекшісінің жеке басы, мәдениеті, білімі, өз ісін жете меңгеруі үлкен рөл атқарады.

Эстетикалық талғамын қалыптастыру жолдары

Эстетикалық талғам балалардың өнерде, өмірде, тұрмыста азық болатын кең ұғым: ол өнердің терең мағынасын ұғынып, тамаша шығармаларды түсінуді қамтиды. Мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыруда үйрету үлкен рөл

атқарады. Олар ұйымдастырылған іс-әрекет үстінде балалар көркем әдебиетті, музыкалық, шығармаларымен толық игеруді үйренеді. Балалардың бойында эстетикалық талғамның негіздерін қалай отырып, біз оларды қоршаған ортаның әсемдігін көруге және оның жүртқа қуаныш сыйлауы үшін оны мәпелеп күту керек. Балалардың да көркемдік
қабілеттерін, эстетикалық сезімдерін ескере отырып, музыка жетекшісі рухани байлығы қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеудің негіздерін қалай береді.

Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру процессінде балалар бойында өнердегі, өмірдегі, табиғаттағы, тұрмыстағы, еңбектегі, мінез-құлық және іс-әрекеттегі әсемдік пен әдемілікке деген әсерлі сезімталдық дамиды. Осыған орай А.П.Чеховтың: «Адам бойында бәрі де әдемі болуы керек: денесі де, киімі де, жаны да, ойлары да» деген сөздерін еске сақтау абзал.
Эстетикалық тәрбиенің мақсаты - жеке адамның эстетикалық мәдениетін дамыту.
Оның негізгі компонентері:

- Эстетикалық қабылдау.
- Эстетикалық сезім.
- Эстетикалық талғам.

Эстетикалық қабылдау деп - әсемдікті қабылдау процесін айтады, мұның нәтижесі эстетикалық әсерлену, эмоция болып табылады.

Сезім байлығы - адамның рухани өмірін жоғары дара тарапты дамытудың қажетті шарты. Адам рухани жағынан бай болып, өсімдікті көре біліп, одан ләззат ала білуге тиісті.

Эстетикалық талғам - әсемдікті дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу. Эстетикалық талғам немесе көркемдік талғам әрбір адам өзі жасайтын белгілі бір эстетикалық мұратты бейнелейді.

Мектеп жасына дейінгі балаларға эстетикалық тәрбие тәрбие беру үшін балабақшадағы мерекелік, ойын-сауықтардың және музыканың алатын орны да ерекше. Мысалы: Біз балаларды «Алтын күз», «Жаңа жыл», 8 наурыз, 22 наурыз, балабақшамен қоштасу ертеңгіліктерінде қатыстыру арқылы бала бойында әсемдікті, сұлулықты дамытамыз. Балалар музыканы, әнді айту арқылы, бала бойында қуаныш сезімі, сол әнге, музыкаға деген қызығу сезімі қалыптасады. Сонымен қатар, жазғы уақыттарда біз балалармен ертегілер, сайыстар, спорттық ойын-сауықтар өткіземіз. Балаларды осындай іс-шараларға қатыстыру арқылы достыққа тәрбиеледік. Бұндай балабақшадағы мерекелер бала есінде көпке дейін қалады да, эстетикалық талғамын қалыптасуына жақсы, оң әсерін тигізеді. Балаларды жаңа қырларын табу арқылы, қуанта отырып, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырады, әсемдікті сезінеді. Өз ойын жеткізе біледі, қиялын дамытады, мінез құлық мәдениеттілігін қалыптастырады, шығармашылығы дамиды.

Қорыта айтқанда, "Баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін оны жан-жақты білу керек" деген белгілі педагог К.Д.Ушинский көрегендігі педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық, эстетикалық талғамын тығыз қарым - қатынасты екендігін дәлелдеді. Эстетикалық талғамын мектеп жасына дейінгі балаларды әсемдікке, адамгершілікке, ұқыптылыққа, сыпайлыққа үйретеді. Ал осы жоғарыда аталғандарды біз музыка ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде жүзеге асыра аламыз. Балаланың күнделікті өмірінде осы аталғандарды жүзеге асырып отыру қажет сонда ғана, бала әсемдікті көре білетін, адамгершілігі мол, ұқыпты болады. Балабақша музыка жетекшілері эстетикалық талғамын кітап оқу, ән тыңдау, би өнері мен музыкалық аспаптар өнер түрлері арқылы көркем өнерге тарту, тағы басқа да жолдармен жүргізуге болатынын біліп қана қоймай, оны қалай жүзеге асыру тәсілдерін жан-жақты меңгеріп, жетілдіруі тиіс. Музыка жетекшісі эстетикалық талғамын балаларға өнер түрлерін меңгерту арқылы жүзеге асырады.

МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы: **«Мектепке дейінгі ұйымдағы экологиялық тәрбие»**
/баяндама/

Дайындаған: **Бекмағамбетова М.Қ.**

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: Мектепке дейінгі ұйымдағы экологиялық тәрбие

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру арқылы табиғат әлемі туралы түсініктерін қалыптастыру.

Міндеттері:

1. балалардың табиғатқа деген көзқарасын дамыту.
2. өлі және тірі табиғатпен таныстыру, ол туралы өз ой – пікірін айтуға үйрету.
3. тәжірибелер жасау және алған нәтижеден тұжырым шығаруға үйрету.
4. балаларды табиғатқа, өсімдіктерге,құстарға және жануарлар дүниесіне қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

«Табиғаттағы барлық жылу – күннен,
өмірдегі барлық жылу – адамнан»
Михаил Пришвин

Мектепке дейінгі білім беру ұйымында біз алдымыздағы кішкентай бүлдіршіндердің санасына адамгершілік құндылықтарын сіңіре отырып, табиғатқа деген, айнала қоршаған әлемге деген балалардың сүйісеншілігін оятып, аялауға тәрбиелеуіміз керек. Себебі бүгінгі таңда бүкіл адамзаттың алдында тұрған өмірлік маңызы бар ауқымды мәселелердің бірі де, бірегейі ол – табиғатты қорғау мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалану. Өйткені табиғатқа жанашыр болу адамзат қоғамына, оның келешегіне жанашырлық жасау болып табылады. Бізді қоршаған әлемге қамқорлықпен қарап, оның бойындағы бар байлықты адам игілігі үшін мүмкіндігінше ұтымды пайдалану , өндіріп, өсіріп, аялап, көркейту – бүгінгі күні бүкіл адамзат қоғамының алдында тұрған ортақ міндет. Ал бұл міндетті жүзеге асыратын біздің еліміздің келешегі — жастардың еншісінде. Осы орайда педагогикалық мәселелер алғы шептен орын алады, өйткені өсіп келе жатқан балғын ұрпақ отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, мектеп қабырғасында жүріп табиғат, оның адамзат үшін пайдасы туралы, айналадағы табиғи ортаны сақтау және онымен дұрыс қарым-қатынас жасау туралы алғашқы мағлұматтарды осында алады. Сондықтан да балабақшадан бастап балаларға экологиялық тәрбие берудің маңызы зор.Себебі балғын балауса балаларды табиғатты сезініп, түсініп, қастерлей білуге үйрету экологиялық тәрбие жүргізу арқылы жүзеге асады.

Балабақшада экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруға ұсынылатын материалдарда балалардың жас ерекшеліктерін, психологиялық физиологиялық қабылдау мүмкіндіктерін ескеріп, оны тәрбие процесінде тиімді пайдаланған дұрыс. Бұл балалардың отбасында өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне деген қызығушылығын, оларды сырттай бақылап, өсімдіктерді басып-жаншып сындырмау, өзен-көл суларын ластамау, қоршаған ортада тазалық сақтау сияқты адамға ғана тән табиғат қорғау іс-әрекетінің ата-аналардың ықпалымен жүргізілуі балалық шақтан дағдыға айналып, күнделікті өмірде орындауға тиісті міндеттерге айналуына мүмкіндік туғызады.

Балдырғандарға табиғаттың негізгі ерекшеліктерін, төрт жыл мезгіліне байланысты айнала қоршаған ортада, өсімдіктер мен жан-жануарлар әлемінде болып жатқан өзгерістер мен құбылыстарды көрсету, сезіндіру, байқату барысында

баланы дамыту мақсаты көзделеді. Тіпті балалармен жүргізілетін барлық педагогикалық процестер, ақыл-ойын, тілін дамытуда пайдаланатын ойындар, жұмбақ-мысалдар, әңгімелер, қолданылатын көрнекі құралдар мен ойыншықтар болсын, бәрі-бәрі табиғаттың жемісі екендігін ғалымдарда балаларға айтып, түсіндіру маңызына жіті назар аудару қажеттігін айтуда.

Қоршаған әлеммен таныстыру мектеп жасына дейінгі баланың сезіміне әсер етіп, оның тілін дамытуға жағдай жасап, айналадағы өмірді, табиғат құбылыстарын бағдарлап, бойларына сіңіруге мүмкіндік туғызады. Бұл жастағы баланың өмірдегі нақты заттар мен құбылыстар жөнінде, ол заттардың өсу, даму ерекшелігі, өзара айналасы жөнінде өздігінен ой қорытындыларын жасап, басқаларға түсіндіруге әрекеттенушілігі, көрнекті, образды ойлау қабілеттілігі басым болатыны белгілі.

Мектеп жасына дейінгі баланың ойының және тілінің дамуы қоршаған ортаны табиғатты қабылдауына, бала тілінің жетілгендігі ақыл-ойдың даму нәтижесінен туындайды. Осы жастағы баланың қабылдауы, көру, есту, иіскеу, тыңдау, сезу сияқты танымдық процестер көмегімен жүзеге асады. Сондықтанда нақ осы шақта балаға мүмкіндігінше қоршаған орта туралы мағлұматтарды тура, әрі кең мағынада беріп, табиғатты қорғау, қастерлеу сынды қабілеттерін дамыту маңыздылығы зор. Сол себепті балабақшада тіл дамыту ісін табиғатпен таныстырумен байланыстырып бақылау жұмыстарын алға қою ұсынылады.

Ал бақылау негізінде балалардың топпен серуендеу, зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде жүзеге асады.Серуен арқылы балаға қоршаған орта туралы толық мағлұмат беріп, ауа-райын, табиғатты, күнді, желді, топырақты, ағаштар мен жануарларды, құстарды бақылай отырып, білімін жетілдіріп, өздері үшін көптеген жаңалықтар ашуына мүмкіндік беруге болады.

Мектепке дейінгі шақта баланың танымдық дамуы эмоционалдық қарым-қатынастар арқылы қалыптасады. Әрбір жеке сәби – қоршаған ортаны қызығушылықпен қабылдайтын кішкентай зерттеуші. Сондықтан да бақылау мен зерттеу сияқты әдістер балаға неғұрлым түсінікті, әрі жақын болып табылады.

Осы орайда«Табиғатты танудың ең сенімді құралы – бақылау мен тәжірибе» деп Г.Галилей айтқандай, балабақшамызда сан алуан түрлі зерттеу жұмыстары ұйымдастырылуы керек. Яғни, суды, ауаны, топырақты жан-жақты зерттеп, зерделеу барысында бүлдіршіндердің қызығушылықтары мен белсене ат салысуын байқап, мұндай жұмыстардың табиғатты тануда ұтымды екендігіне көз жеткіздік. Тіпті тәрбиешілер топ ішінде зерттеу бұрышына әртүрлі дән, гүл және көкөністер отырғызып, балаларға олардың өсіп жетілуін бақылауына жағдай жасап,оларға өсімдіктерді күтіп баптаудың маңыздылығын да көрсетті. Осы арқылы бүлдіршіндер өсімдіктердің қаншалықты нәзік екендіктерін көріп, күннің жылуынсыз, су мен жарықсыз адам ғана емес, өсімдіктердің де тіршілік етуі мүмкін еместігін, табиғаттың әсемдігі мен сұлулығының ғажап бір әлем екендігін өз тәжірибесінде сезіне алды.

Мұндай тәжірибелер балалардың ой-өрісін кеңейтіп, ойлау, сөйлеу, сезу қабілеттерін, сөздік қорын молайтып табиғатқа деген, осындай зерттеу жұмыстарына деген қызығушықтары арта түсетіндігіне, тіпті еңбекке де баулуға үлесі мол екендігіне көз жеткіздік. Және де балабақша педагогтары табиғат аясында ұзақ уақыт серуендеудің белсенділігі басым балалар үшін де пайдасы мол екендігін байқады. Себебі таза ауа, жарық, күннің жылуы барлығы баланың көңілін

көтерсе, ағаш, жапырақ, тау, тас кесектері барлығы оның қызығушылығын оятып, қиялын дамытатынын байқадық. Ашық кеңістікте ұйымдастырылған қимылды ойындар , дидактикалық ойындар, танымдық қабілетін дамытатын психологиялық жаттығулар балалардың зейінін шоғырландырып, қабылдау, ойлау, есте сақтау қабілетін дамытып және де ашық алаңда ұзақ жүріп, әртүрлі қимылды ойындар ойнап, жүгіріп-секіріп бойын жазып, көңілін көтеріп, бір сергіп қалған бала топта берілетін тапсырмаларға белсенді болатынына көз жеткіздік. Баланы ойын өсіреді. Ойынға қатыспаған бала әлжуаз, қорқақ өз күшіне сенімсіз, бос кеуде, қиыншылыққа мойығыш болып өсетіні белгілі. Сондықтан енжар, өзіне сенімі төмен, жасқаншақ балалар үшін де табиғат аясында ұйымдастырылатын жұмыстар өте қажетті. Әрі мұндай жұмыстар баланың денсаулығын да нығайтып, дене бітімінің де сымбатты болып өсуіне септігін тигізетіні мәлім. Сондай-ақ ата-аналарға да балалармен таза ауаға жиі шығып, онымен араласып, әңгімелесіп, өзара байланыс орнатуға қолайлы орта екендігін түсіндіреміз. Әрі бала мен ата-ана өзара түсінісіп, балабақшадағы баланың өмірімен, достары мен қызығушылықтарын анықтауға ата-анаға мүмкіндік беретінін, бірге көңілді уақыт өткізудің бір себептісі болатынын айтып, ата-анасын күні бойы көрмей сағынған баланың мауқын басуына да жақсы екендігіне олардың көзін жеткізіп, отбасымен табиғат аясында саяхат ұйымдастырудың бала психологиясына оң әсер ететінін айтып өз кеңесімді беріп отырамын.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп дана халқымыз айтып кеткендей балалардың санасына қоршаған ортаны, бізді қоршаған табиғат әлемін аялауды, оны күтіп баптау қажеттігін, таза ауаның, жарықтың, күн жылуының, ағашар мен табиғаттың таза болуып, ластанбауының маңыздылығын бойына дарытып, жанашырлық қасиеттерін жетілдіріп өсірсек, сонда ғана біздің өскелең ұрпақ салиқалы да, көреген болып, сана сезімі мол, айналаға, адамзатқа, бүкіл болмысқа сүйсіне де, мақтана қарап, оны көзінің қарашығындай сақтап, құрметтеп, қорғайтын болады деп сенемін.

№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

Кеңес: «Мектепке дейінгі балалардың дәстүрден тыс түрін және жұмыс әдісін қолдану»

Тәрбиеші:Койшина А.К

Ақтөбе,2024 жыл

Дәстүрден тыс бейнелеу тәсілдерін қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамыту

Баланың жан жақты дамуына әсер ететін басты тәрбие эстетикалық тәрбие беру. Оған , сурет салу ,жапсыру,мүсіндеу оқу іс -әрекеттері жатады. Бала өзін қоршаған орта туралы өз түсініктерін қалыптастырып дамиды.

Сурет салу арқылы бала қоршаған ортадан алған әсерін жеткізеді. Сондықтан да мектеп жасына дейінгі бала үшін бейнелеу өнерінің маңызы зор. Сурет салу іс әрекетінде эмоциялық көңіл күй пайда болады. Балалар сурет салған кезде жақсы болып шыкса қуанады. Қылқаламмен, қарындаш пен сурет салу біліктілікті талап етеді, қиындықтар тудырады.Сондықтан бала сурет салудан бас тартуы мүмкін, салған суреті қиялындағыдай болмағасын. Сурет салу әдістерін меңгерту мақсатында дәстүрлі емес әдістерді пайдалану балаларға қызығушылықтарын, еркіндіктерін, өздеріне деген сенімділіктерін тудырады. Сондықтан, бала ерікті түрде қызығушылық танытып сурет салу үшін дәстүрлі емес әдісті пайдаланған жөн деп білемін. Себебі дәстүрліемес әдістің құралдары қызықты, әрі сурет салу жолы оңай. Сонымен қатар оқу іс- әрекеті кезінде уақыт тиімділігімен ерекшеленеді. Дәстүрлі емес тәсілді пайдалану кезінде анықтау , зерттеу қабілеті қалыптасады.

Дәстүрлі емес әдіс балалардың бейнелеу өнеріне деген мотивациялық қозғаушы күші болып табылады.Сонымен қатар балалардың суретті соңына дейін «сала аламын ба» деген қорқыныштары кетеді. Дәстүрлі емес әдіс кезінде көру және саусақ маторикасы жақсы дамиды.Балалардың бейнелеу шығармашылығы – қызықты бейнелер мен ашық бояулар әлемі. Олар өздерінің ғажайып қиялымен, ерекшелігімен ересектерді талай таңғалдырған. Сәбилер суретті ерекше ықыласпен және жиі салады. Оларды айналадағы қоршаған дүние әлемі өз қызығымен еліктіріп әкетеді. Балалардың сурет салу әдісін меңгеруі, олардың қабілеті дамуы болып табылады.

Қазіргі кезеңде жаңа адамды қалыптастыру, оның шығармашылық белсенділігін дамыту басты назарға алынған. Сондықтан, сұлулықты сезіну, жоғары эстетикалық талғам қалыптастыру, өнер туындысын, туған табиғаттың сұлулығын түсіну және бағалауды жетілдіру қажет. Әртүрлі авторлардың (Г.Б.Кибишова «Вдохновение» бағдарламасы, И.А.Лыкова «Методическое пособие для специалистов дошкольных образовательных учреждении», Т.Н.Доронова «Природа, искусство и изобразительная деятельность детей», Р.Г.Казакова «Изобразительная деятельность в детском саду» еңбектерімен таныса отырып,біз көптеген қызықты идеялар кездестірдік және алдымызға мынадай мақсат қойдық.Егер жұмысының нәтижесін көріп,қолынан келіп тұрса барлық бала сурет салғанды жақсы көрер еді, бірақ қарындаш қылқалам яғни бейнелеудің құралдарын қолдану техникасын жетік білгенді талап етеді.

Бірақ барлық бала жетік білмегендіктен кей бір балаларда сурет салуға яғни бейнелеу өнеріне деген ынта ниеті, қызығушылықтары жоғалып, қанша еңбектеніп бар күшін салып тырысып бақңанымен қалаған ойындағы қиялын көре алмаған балада қорқыныш, сенімсіздік тудырады.

Мектеп жасына дейінгі балалармен бейнелеудің дәстүрден тыс техникасын қолдану бала бойындағы осы сенімсіздік, шыдамсыздық, қорқыныш сезімдерін сейілтіп батылдық өз еңбегі нәтижесінен ләззат ала білуге тәрбиелеуде бірден бір таптырмас құралы болып табылады.

Дұрыс техникалық дағды бала бойында сабақ сайын дамып, қалыптасып отырады. Балалар сурет салу тәсілдерін құрғақ түсіндіргеннен емес, өздері тәжірибе жасаудан үйренеді. Балалар бақшасында сурет салу үшін көптеген құралдар беруге болады: түрлі-түсті және қара қарындаштар, акварель және гуашь бояулар, балауыз борлар, фломастерлер, акварель борлар, пастель, көмір, сангина, тушь, пластилин т.б. Балаларды үйрету барысында оларға ұсынылған түрлі заттар қызығушылықты арттырады. Олар тіпті қара қарындаштың өзін заттың мазмұнын беру үшін әртүрлі басу арқылы ғажап суреттер сала алады. Балалар сурет салу құралдарын игергеннен кейін, оларды саналы түрде материал таңдауға әкелеміз. Бұл жердегі маңыздысы баланың өзіне қажет құралды дербес таңдап алу қабілеті. Сабақ соңында бала өз еңбегін көргенде бейнені шешудің алуан тәсілдерін көреді. Сонда ғана оның келесі жолы бояу таңдауда шешімі өзгеруі мүмкін. Бұл оның шығармашылығының дамуына мүмкіндік береді. Техникалық дағды мен тәсілдерді меңгеруі дүниені өз сұлулығымен бейнелеуге әсерін тигізсе, ең маңыздысы сол.

Қазіргі таңда балалар бақшасындағы балаларды көркем өнерге баулуда дәстүрден тыс тәдіс-тәсілдермен бірге бейнелеу құралдарының да көптеген түрлері пайдаланылады. Солардың біразына тоқтала кетейік:

«Палитра — саусақтар» саусақпен сурет салу.

Қол астында қылқалам жоқ па? Ештеңе етпейді. Бір саусағымызды көк бояуға батырамыз, келесісін сары бояуға, үшіншісін қызыл бояуға маламыз. Палитрадан несі кем!… Бұл барлық жастағы балаларға ұнайтын қарапайым да оңай әдіс. Олар үлкен ынтамен салады. Саусақпен сурет салу бірнеше кезеңнен тұрады. Балалар әуелі бір саусақпен, сосын бірнеше саусақпен сурет салып үйренеді. Біз көбелектерді, балықтарды, көгалды нүктелер, ирек сызықтармен безендіріп үйренеміз. Келесі кезеңде балалар бояуларды араластыруды үйренеді. Әр саусағын әртүрлі бояуға батырып бір түстің үстіне келесі түсті жағады. Түстерді араластыру нәтижесінде балалар өздеріне қажет түсті табады. Естиярлар тобында қарапайым бейнелерді бояудан бастап, мектепке дайындық тобында «саусақпен бояу» техникасын жете меңгерген балалар сурет тақырыбын өздері таңдап, оны нұқу, жағу, бояуларды араластыру әдістерімен ұтымды безендіре алады. Ертегілерге салынған сюжеттерді де балалар өте сәтті бояды.

Келесі техника — «Алақанмен» сурет салу. Бұл әдіс кішкентайлар тобындағы балаларға өте ұнайды. Себебі балалар бояуды көріп қана қоймайды, оны сезінеді.

Балалармен жұмыс жүргізуде пайдаланылатын келесі әдіс – Сызықтармен (штрихтармен) сурет салу. Сызықтардың көмегімен заттың сапасы, оның қасиеті, туралы біліп, суреттегі бейнені, оның қоршаған ортаға қатысын ашуға болады. Сонымен бірге сызықтармен сурет салу, саусақтардың бұлшық еттерін дамытып, қолды жазуға жаттықтырады. Ересектер топтарындағы балалар «балапан», «кірпі»тақырыптарына сурет сала алады. Бұл суреттер қарапайым да мәнерлі, бейненің ерекшелігін әртүрлі сызықтар және сызықтарды әртүрлі

қалыпта жүргізу арқылы беріледі. Сызықпен сурет салу үшін балаа\лар бос уақыттарында көп жаттығулары керек. Бейненің мазмұнын ашу сызықты пайдалана білуді қажет етеді.

Сонымен бірге- Дымқыл қағазға сурет салу әдісі де өте қызық. Бұл әдіс ересектер тобындағы балалармен жұмыс жүргізуде пайдаланылады. Гуашьпен бояғаннан гөрі акварельмен бояу күрделірек, бірақ қызық. Акварельмен тек ақ параққа сурет салуға болады. Бояуға су көбірек араластырылса бояу түсі тұнықтана түседі. Әсіресе балаларға тымық және желді күнгі теңізді салу өте ұнайды.

Балауыз бор, май шам және акварельмен сурет салу халық шеберлерінің пайдалануымен ертеден келе жатқан әдіс. Балаларға жаңа талпыныс әкелетіні, олардың қызығушылықтарынан белгілі.

Жаңа техника Граттажды пайдаланып балалар «Қысқы орман», «Түнгі ертегілер», «Саябаққа серуен» тақырыптарына суреттер салды.

Майлау арқылы бояу балаларға өте ұнайды. Балалардың жағу әдісін игеруі әртүрлі болғандықтан бұл әдіс те бос уақытта көп жаттығуды, әр баламен жеке жұмыс жүргізуді қажет етеді. Себебі балаға жағу мен нұқуды айыра білудің өзі күрделі.

Қазіргі таңда сәнге айналған Монотипия және Диотипия (баспа техникасы) әдістері де өте қызықты. Бұл әдіс қиялды, елестетуді, түс пен пішінді сезінуді жетілдіруге көмектеседі. «Су жағасындағы талдарды» салуда жарты суреттен тұтас суреттің жасалуы балаларға өте ұнады. Сол сияқты балаларға дәстүрден тыс әдістің бірі шашыраты арқылы сурет салу да үйретілді. Бұл күрделі техника, бірақ нәтижесінде еңбектің ақталғанын көрудің өзі бала үшін бір ғанибет.

Пластилинмен сурет салу баладан төзімділікті, бастаған істі аяғына дейін жеткізу үшін табандылықты талап етеді. Бұл әдісті біз мектепалды тобында пайдаландық.

Сол сияқты балаларды бейнелеу өнеріне баулуда біз бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс әдістері көптеп пайдаланамыз. Мысалы:

Бормен сурет салу,
Көмір және сангинамен сурет салу,
Табиғи заттарды пайдаланып сурет салу,
Жіптің көмегімен сурет салу,
Манка жармасын пайдалану арқылы сурет салу,
Құммен сурет салу т.б.
Алуан түрлі әдістердің балалардың жұмыстарының мазмұнын ашуға өз септігін тигізетінін атап айтпай болмайды. Олардың орындалу барысының өзі балаларға үлкен қанағаттанғандық әкеледі. Әр қимыл сәтті шыққан сайын бала өз жеңісінің жемісін өзгелерге көрсету үшін оны сан рет қайталап көрсетуден жалықпайды.

Осы аталған дәстүрден тыс техникалар, әдіс тәсілдерді қолдануда жүйелілік және баланың жас ерекшелігін ескере отырып қолдану арқылы мынадай нәтижелерге жетуге болады:
— Баланың қорқынышын жоюға көмектеседі;

— Өз күшіне сеніп, дербес жұмыс жасай білуі артады;
— Баланың зейіні қалыптасады және ойлау,есте сақтау және танымдық қабілеті дамиды;
— Бала өз қиялын еркін бейнелеуді үйренеді, шығармашылық қабілеті дамиды;
— Бала түрлі материалдармен жұмыс жасауды үйренеді;
— Баланың түсті, пішінді,көлемді, кеңістікті ажырата білу,композицияны тақырыпқа сай құрастыра білу сезімі дамиды;
— Баланың тілі дамиды;
— Ұсақ қол моторикасы жаттығады;
— Балада шығармашылық іздену және нәтижеге жету әрекеті қалыптасады;
— Баланың жағымды көңіл-күйі артады;
— Жұмыс кезінде балада эстетикалық қанағаттану сезімі қалыптасып, бейнелеу өнеріне қызығушылығы артады.

«Баланың икемділігі мен дарынының қайнар көзі-оның саусағының ұшында» деп В.А.Сухомлинский айтқандай, баяндамамды қорытындылай келе, алға қойған мақсатым мынадай :

Мектеп жасына дейінгі оқыту үрдісінде бейнелеу өнері жұмыстарында жаңа технологияларды тиімді қолданып,балалардың шығармашылық қабілетін одан әрі жетілдіру.

ГККП «ясли-сад №45 «Алтын бала»

Доклад: «Подвижные игры в сказочном театре»

Воспитатели: *Кушанова Б.Б.*

2024-2025 уч.год

1. Танец розы.

Под красивую музыку детям предлагается исполнить танец цветка, дети сами придумывают движения. Внезапно музыка обрывается. Это «порыв северного ветра заморозил цветок». Дети застывают в любой, придуманной ими позе.

2. Танец к словам.

Придумать движения под текст песни. Выбрать самые удачные.

3. Отгадай, кто мы.

Ведущий (ребёнок) уходит из комнаты, а дети договариваются, кого они изобразят. Затем ведущий возвращается и по движениям детей отгадывает, кто (или что) это.

У зеркала.
Ролевая гимнастика.

Нахмуриться как:

А) Король

Б) Ребёнок, у которого отняли игрушку

В) Человек, скрывающий улыбку

Улыбнуться как:

А) Вежливый японец

Б) Собака хозяину

В) Мать младенцу

Г) Младенец матери

Д) Кот на солнце

Сесть как:

А) Пчела на цветок

Б) Наказанный Буратино

В) Обиженная собака

Г) Поросенок на кактус

Д) Наездник на лошади

Е) Невеста на свадьбе

5. Игра с платком.
С помощью платка, движений, мимики изобразить:

А) Бабочку

Б) Лису

В) Принцессу

Г) Волшебника

Д) Бабушку

Е) Больного с зубной болью

6. Изобразить эмоцию.
А) Обида

Б) Гнев

В) Радость

Г) Грусть

Д) Задумчивость

Е) Зависть

Ж) Насмешку

З) Страх и т. д.

7. Превращения
С помощью пантомимы рассказать историю.

Например: а)девочка пыталась поймать бабочку, подкрадывалась, а та улетела;

Б) Мальчик принёс (воображаемый) кулёк конфет и всех угостил; дети разворачивают конфеты и едят, показывая, как вкусно.

8. Сказочное заклинание.

Слова «Море волнуется раз…» попробовать произносить на разные лады:

А) громким и страшным голосом

Б) Жалобно, как козлёночек

В) Тоненько, как мышонок

Г) Рыдающим голосом

Д) Хохочущим голосом

Е) Завывающим голосом

Ж) «В нос»

9. Действия от лица какого-либо персонажа

А) Подкрадываться к спящему как:

_ лиса

_ заяц

_ волк

_медведь

_ охотник

_великан и т. д.

Б) Ловить бабочку как: ….

В) Пройти по камешкам как…

10. Пропеть песню Козы

_ как Коза

_ как Волк

Бекітемін_____

№45 « Алтын бала» бөбекжай балабақшасының

меңгерушісі:Жусупова Ш.Т.

Тақырыбы:

«Әжелер сөзі - тәрбие көзі»

«Бөбек» ортаңғы қазақ тобы

Тәрбиеші:Оразалина А.А.

2024- 2025жыл

Тақырыбы: «Әжелер сөзі - тәрбие көзі»

Мақсаты: Жас ұрпақты ата-баба дәстүрімен тәрбиелеу. Әже тәрбиесін үлгі ету. Әжелердің айтқаны асыл екенін, әрі олардың өнегесін күнделікті өмірде пайдалану. Баланы кішіпейілдікке, карт адамдарды құрметтеуге үйрету.

Бала тәрбиесіндегі қазақтың бір озық әдісі әжелер мектебі еді. Қазір ол жойылудың аз-ақ алдында тұр. Тіпті "әже" деген жаныңа жақын аяулы атаудың өзі де көп жағдайда жалпыға ортақ "апаға" ауысқан.

Әже мектебін көрген азаматтарды анадайдан танисың. Оның ең басты ерекшелігі сол, ондай жан барынша бауырмал болады. Өйткені, әжесі ондай баланы көбінесе, құшағына алып, қашан көзі ілінгенше айналып-толғанып, бойындағы бар жылуын беріп, бауырына басып жататын. Осындай тәрбие көрген соң жас бөбек мейірімді болып өсетін. Қолындағы ойыншығын, тәттісін жанындағылармен бөлісуге құштар. Өзіміз әже мектебін көргендерді дәл осы – бауырмал мінезінен танимыз. Қандай қызметте, қандай лауазымды атқарып жүрсе де, мұндай адамдардың бойынан айрықша жылылық байқалып-ақ тұрады. Тіпті, қабағы қату, қарамағындағы қызметкерлеріне бір нәрсеге қатты ашуланып тұратын бастық болса да, әжесі бойына сіңірген мейірім оны артық-ауысқа жібермей, ақыры кешірімге әкеледі.

Аналар қанша талапшыл болса, әжелер соншалық жұмсақтық танытатын. Өркениеттің өріне шыққан жапондар да сәбилерін бес жасына дейін еркелетіп, не істесе де, біздің әжелеріміз сияқты бетінен қақпайды екен. Содан бұл елдің балалары артық болмаса, кем болған жоқ. "Баланы бес жасқа дейін патшаңдай күт, 15-ке дейін құлыңдай жұмса, ал 15 жастан кейін құрбыңдай көр" деген даналық осыдан шыққа керек. Әрине, еркелетудің де жөні бар. Мысалы, әжелеріміз есті ерке болсаң, бетіңнен қақпайды, ал ессіз болып бара жатсаң, ақ таяғы арқаңнан сарт ете қалады…

Ұзақ жылдар орыстың ықпалында болып, солардың тәрбиесін бойымызға сіңірген біздің көптеген замандастарымыз әже мектебінен кемшілік іздейді. Баланы ерте есейтуді де ондайлар қателік санап, үлкендердің әңгімесін естіртпеуге, үйдегі үлкен-кішілі проблемалардан алыс ұстауға тырысады. Бұл жасөспірімді сол балалық шақта қалдырып, ештеңеден хабарсыз, тек ата-анасы айтқан әңгімелерге ғана малдануға үндейді. Бұдан баланың өмірге деген көзқарасы дамымайды. Әрине, қазіргі интернет қолына еркін тиген бала өмірдің барлық қырларын өзі көрер. Бірақ соның бәрі әженің әңгімесі сияқты жұмсақтықпен, жылылықпен емес, дөрекілікпен, рақымсыздықпен жетіп, баланың санасын қатыгез, мейірімсіз қылып қалыптастырады. Ондай балалар кейін кім болатынын көріп жүрміз.

Әжелер мектебін қайтадан қалпына келтіру керек. Әрине, қазіргі әжелер ақын Мұқағали Мақатаев айтқандай ақ кимешек, мәсі кимей-ақ қойсын, бірақ ұлағатын бойына сіңіріп, пайдалы қасиеттері мен тәрбиесін алуына болады. Әжелер мектебінің озық үлгілері мен тиімді тұстары теріліп кітаптар жазылса, еңбектер жарық көрсе, сосын қариялар арасында курстар жүргізілсе, осы мәселемен айналысатын үкіметтік емес ұйымдар пайда болса, бұл ұлттық ерекшелігіміз қайта қалпына келері анық. Бір жағынан ол біздің рухани жаңғыруымызға да қосылған үлес болмас па еді?!

№45 «Алтын бала» бөбекжай балабақшасы МКҚК

«Балалық шаққа саяхат» ашық есік күніне аналарды қатыстыру

«Бөбек» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Оразалина А.А.

2024-2025 оқу жылы

«Бақытты балалық шақ»

Жүр-ші: Армысыздар! Құрметті қонақтар!
Армысыздар! Ұстаздар, ата-аналар!
Міне, бүгін өнер-білім көрсетіп,
Бүлдіршіндер сіздерді тамсандырар.
Жүр-ші; Көктемде тіршіліктің бәрі оянып, жан-жануарлар төлдеп, құстар келіп, балапан шығарады екен. Сендер қандай құстарды білесіңдер?
- Торғай, қарға, тауық.
Жүр-ші; Ия, тауық үй құсына жатады. Тауық не шығарады?
- Жұмыртқа шығарады.
Жүр-ші; Ендеше, **"Алтын жұмыртқа"** ертегісін еске түсірейікші .
Жүр-ші; Балалар ертегі не туралы екен?
-Алтын жұмыртқа туралы.
Жүр-ші; Онда тағы қандай кейіпкерлер бар?
- Ата, әже, тышқан, тауық
Жүр-ші; Ал енді осы ертегіні сахналап көрсетейікші.
Сахналау Алтын жұмыртқа
Жүр-ші :Балалар ал жұмыртқадан не шығады ?
Балалардың жауаптары Балапан
Жүр-ші; Балалар, ендеше бір сәт балапандарға ұқсап қимыл жасайықшы.
(«Шөжелер» әніне қимыл би жасайды)
Жүр-ші; Балалар жұмыртқаның пішіні қандай?
- Пішіні сопақша
Жүр-ші; Түсі қандай?
- Түсі ақ.
Осы кезде тауықтың дауысы естіледі.
Жүр-ші; Балалар, тыңдаңдаршы ненің дауысы естіледі?
Топқа қыт-қыттап тауық кіреді.
Тауық Қыт – қыт - қыт, сәлеметсіңдер ме, балалар!Қандай әдемі балалар!
Жүр-ші; Балалар, бұл біздің ертегіміздегі тауық емес пе?
Тауық Ия, менің көп жұмыртқаларымды тышқан жарып кетіпті, соны құрастыруға көмектесесіңдер ме?
- Ия, көмектесеміз.
Жүр-ші; **«Жұмыртқаны жина»** ойыны. Балалар сынып қалған жұмыртқаның бөліктерін тауып құрастырады.
Тауық Рахмет, сендерге балалар! Мен қуанып қалдым.
Жүр-ші :Балалар, сендерге ана тауықта риза болып қалды, сендер өздеріннің жақсы, ақылды балалар екендеріңді көрсеттіңдер, енді ана тауықпен бірге серуенге шығып **«Балапандар»** ойынын ойнайық.
Жүр-ші :Ауылда ата мен әжелерінде қошақандар бар ма ? Балалар біз қошақан туралы өлең білеміз ғой.Қане бәріміз тұрып айтайықшы.
Ән « Қошақаным қайда екен ?»
Жүр-ші :Біздің балалар жыл бойы жаттаған тақпақтарын айтып берсін.Тамашаланыздар.

Мирас ,Науан,Самир т.б
Бір кезде күн мен бұлт кіреді.
Күн:
Мен жарқырап төбеде
Нұрын төгіп тұрамын.
Шуақ шашып бәріне
Бала жанын ұғамын.
Бұлт:
Күн, күн, тоқтай тұр!
Сөзімен менің құлақ тұр.
Ішім толы суға,
Сусыз өмір бола ма?
– Ендеше мен бәріне керекпін, мен мықтымын!
Күн: Жоқ, мен мықтымын!
(Бұлт пен Күн дауласып, аяқтарын топылдайды)
Жүргізуші: Тынышталыңдар, дауласпандар! Балалар, Күн мен Бұлтты татуластыру үшін күн туралы әнін орындап берейік .
Жүр-ші :Ән «Әрқашан күн сөнбесін»
Күн мен бұлт қоштасып кетеді .
Ой қосылып ойыңа,
Бой қосылсын бойыңа.
Аман-есен жүрейік
Келер оқу жылына!
Жүр-ші : Міне, құрметті ата – аналар, кеше ғана бүлдіршін боп, өздеріңізге еркелеп отырған балаларыңыз өздерінің 1 жыл ішінде меңгерген білім, білік, өнер дағдыларын алдарыңызға салды. Ендігі сөз кезегі сіздерде.

Бекітемін_____

№45 « Алтын бала» бөбекжай балабақшасының

меңгерушісі:Жусупова Ш.Т.

Тақырыбы:

«Біз бақытты отбасы»

«Бөбек» ортаңғы қазақ тобы

Тәрбиеші:Оразалина А.А.

2024- 2025жыл

Тақырыбы: «Біз бақытты отбасы»

Мақсаты: Ата - аналар мен сайысқа қатыстыра отырып баланың ата - ана өміріндегі маңызын, ата - аналардың балаларға деген тәрбиесін көрсету. Халық ауыз әдебиеті, салт - дәстүрі туралы білімдерін байқау. Отбасы – Отанның бір бөлшегі екендігін ұғындырып, балаларды ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Біреуі білсем екен демекілік. Не көрсе соған талпынып, "ол немене?", "бұл немене?" деп, "ол неге үйтеді?", "бұл неге бүйтеді?" деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен дегені. (А.Құнанбаевтың жетінші қара сөзі)

Баланың алғашқы тәрбие алатын орны – отбасы. Отбасында баланың мінез-құлқы, әдет дағдысы қалыптасады. Еліміздің ертеңгі ұлт тізгінін ұстар жастарымыздың тәрбиесіне аса мән беру – біздің негізгі мақсатымыз.

Тәрбие – күрделі үдеріс. «Тәрбие отбасынан басталады» деп халық даналығы бекер айтпаған. Саналы да, білімді болашағын қалыптастыру әрбір ата-ананың мерейлі міндеті, парасатты парызы. Еліміздің болашағының тізгінін ұстар тұлғаның бойына білімнің нәрін, тәрбиенің иісін сіңіруміз қажет. Ата-бабамыздан қалған ұлттық тәрбиемізге дақ түсірмеу үшін барлық қажетті жауапкершілікті ата-ана өзіне алғаны жөн, себебі бала ата-ананың өмірінің жалғасы. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деп өткен ғасырдың ұлы тұлғасы А.Байтұрсынұлы айтқандай, баланың болашағына толғанар ел, ойланар отбасы қалыптасса елдің болашағы зор болмақ.

Балаға деген таза көңілді жанашырлық, ата-аналардың: балаларына деген мейірімі мен қамқорлығы, балалары үшін отқа да, суға да түсуге әзірлігі, өмірлік ауыртпалықтар мен қиындықтардан қорғап, сақтап отыруға тырысушылықтары, саналы тәлім-тәрбие, бала жасынан еңбекке баулулары, жан тазалығына, биік адамгершілік қадір касиеттерге талаптандырулары, баланың еркін, саналы, жігерлі, мығым, намысшыл, басқаларға мейірімді, адал да таза тұлға ретінде қалыптасуларына ықпал ететін отбасылық ахуал мен тәлім-тәрбие қандай болуын білдірсе керек. Әке-шешенің жеке басты үлгі-өнегелері баланың дұрыс тәрбиелеуінің ең ықпалды құралы болып саналады. Ата-аналардың үлгі-өнегесінің тәрбиелік мәні балаларға тән үлкендерге, олар тарапынан жасалатын жақсы игілікті іс-әрекеттерге еліктеушілікпен туындайды. Өйткені, бала бойына жеткілікті өмірлік тәжірибе, бейімділік пен икемділік әлі де болса толық қалыптасып бітпегендіктен, ол үлкендердің мінез-құлқына, жүріс-тұрысына, сұхбаттасу

мәнеріне, іс-әрекетіне, басқалармен ара-қатынасына еліктейді. Олай болса, әке-шеше қарым-қатынасы, өзара сыйластығы, бір-бірін қадірлей, мақтан тұта білулері, үй шаруашылығын келісе отырып шешулері бір-біріне көмектесіп отырулары, өзара сұхбаттасу қалыптары, бала үлгі-өнеге тұтып, қабылдап алып, өзінің іс-әрекетінде жасауға тырысатын қылықтарының сипатын құрайды. Үлгі өнегелік бағдаршамы ретінде қабылданады. Отбасылық тәрбие бала тәлімінің мәні бала нәрестелік шағынан ержетіп, оң-солын тани бастаған шақ аралығындағы үрдісінің мазмұнын құрайтындығы нақты тұрмыстық, тәрбиесі және өнегелік үлгілер негізінде пысықталады. Ата-ана тәрбиесі қоғамдық тәрбиемен ұштасады, бірін-бірі толықтырады. Ата-ана тәрбиесі терең ата-аналық сүйіспеншілік пен қамқорлыққа толы болса, қоғамдық тәрбие балалардың өзін көпшілік ортада ұстай білу қалыптарына тәлімдейді.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде оларға жасайтын имандылық пен сауаттылық қасиеттерді сіңірсек, тәлім-тәрбие берсек, сонда ғана рухы дамыған, Отанның гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз деген сөзін басшылыққа алған біздің балабақша ұжымы бүгінгі таңда білім мен тәрбие жұмысын дамыту, өркендету барысында жұмыс жасайды.

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жас ұрпаққа үлгілі, өнегелі тәрбие беру — қазіргі білім беру және тәрбиелеудегі басты міндеттеріміздің бірі.

Қазіргі заманда жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру әлеуметтік құрылымы ең маңызды міндеттердің біріне айналады. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білімді дамыту тұжырымдамасындағы «Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сапасы. Ол баланың жеке бас ерекшелігін ескере отырып дамытатын орталық» делінген. Баланы тәрбиелеу, дамыту мен білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымы өзара тығыз байланыста болуы қажет. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, бала тәрбиелеуде іске асырушылар – балабақша мен отбасы. Отбасылық тәрбиелеудің басымдылығын тану дегеніміз – отбасы мен мектеп жасына дейінгі мекеменің жаңа қарым-қатынасын талап етеді. Ата-аналарды педагогикалық үдеріске тарту арқылы бала тәрбиесінің максат, міндеттерін түсінуіне, бала тәрбиесін ойдағыдай іске асыруларына ықпал етеміз. Ата-аналардың өз балаларының балабақшадағы өмірін, қалай өсіп жетілетіндігі интеллектуалдық жеке қабілетінің қалыптасатынын көріп, біліп отырғаны абзал. Ата-ана мен балабақша атқаратын істер әрқилы болады да, бірінің жұмысын екіншісі атқара алмайды, сондықтан олардың қарым-қатынасы бірін-бірі толықтыруы, бір-бірімен түсінісуі, бір-бірінің бағытында құрылуы тиіс.

Мектеп жасына дейінгі мекеменің дәстүрлерімен, ережелерімен, тәрбиелеу — оқыту жұмыстарының ерекшеліктерімен таныстыруға, оларды қызықтыра білуге және қатысуға мүмкіндік бере отыра, ата-аналарға «Ашық есік» күн өткізіп, топтарға саяхат жасап, балабақша жұмысынан көрініс көрсетіп, ата-аналармен әңгімелесіп, олардың алған әсерлерімен бөлісе отырып, туындаған сұрақтарға жауап бердік. Мектеп жасына дейінгі мекемелерде өткізілетін жиналыс ата-аналар қатынасының бірлігінің міндетті түрі. Мұндай жиналыстарда жалпы талаптар ұсынылады, балалармен отбасында: еңбек, адамгершілік, дене тәрбиесін ұйымдастыруға, балабақша өміріне бейімделуіне нұсқау беріледі. Балабақшаның ата-аналармен жұмыс жоспарында оларға психологиялық-педагогикалық білімді дамыту жағы көзделуі қажет. Олар үшін сұрақ-жауап кештері, «дөңгелек үстелдер», іскерлік ойындарды өткізу жұмыстары ұйымдастырылады. Ата-аналарға кеңес беру баланың даму мен тәрбиеленуінің, денсаулығын сақтауының нақты жағдайларын талдауға көмектеседі. Кеңес беруді өткізгенде сенімді мағлұматтар жинап, белгілі бір отбасының баланы тәрбиелеудегі тәжірибесін пайдалануға болады. Кеңес беруді ұйымдастыруда ата-аналардын дайындық деңгейін ескеру маңызды. Бұл кеңес берудің түрін анықтайды. Жекелей кеңес беру екі жақтың да белсенділігіне байланысты болу керек. Мұндай кеңес ақыл, тілек, нұсқау беру түрінде өткізіледі. Топтық кеңес беру ата-аналармен арналған жұмыстардың түрі. Олар бірнеше отбасында бірдей қиыншылықтар туындаса немесе бірдей қызығушылықтары болса жүргізіледі. Топтық кеңес берудің мынадай тақырыптарын алуға болады: «Балалар ойынына талаптар», «Баланың дамуынын көрсеткіштері», «Тіл дамыту негіздері». Жыл бойына жүргізілетін жоспарларды ата-аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі заман талабына сай ата-аналар өзекті мәселелерді, әртүрлі тақырыптарды өздері ұсына алады.

Бүгінгі жас отбасылар — еліміздің ертеңгі — рухани кемелдену дәрежесіне жету үшін ұлттық тәрбиенің де алар орны ерекше. Қазақстан мемлекеті үшін бар білімі мен қабілетін сарап ететін, елін, туып өскен жерін, тілін, халкынын тарихын, діні мен мәдениетін, жеке тұлға тәрбиелеу — жалпы жұртшылық, әкімшіліктер мен білім беру мекемелерінің басты міндеті.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың қазақ халқына арналған Жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімімен өз еліне деген сүйіспеншіліктерін дамытуға тиіспіз және оларды қалыптастыру басты міндеттеріміздің бірі» деген сөзін басшылыққа ала отырып, балабақшада ата-аналардың катысуымен «Менің Қазақстаным» атты ұлттық тәрбие жұмысын жүргіздім. Мұндай шаралар аналардың және баланың бойына жақсы қасиеттерді қалыптастырады. Балалардың шығармаларын шындай түсу мақсатында «Біз бақытты отбасы» атты сайысын көрсету, қолөнер шеберліктерін, сауалнамалар, тестілеу тапсырмаларын орындау сияқты сайыс кезеңдерінен өте отыра өз бағаларын алды.

Мектеп жасына дейінгі мекеменің дәстүрлерімен, ережелерімен, тәрбиелеу — оқыту жұмыстарының ерекшеліктерімен таныстыруға, оларды қызықтыра білуге және қатысуға мүмкіндік бере отыра, ата-аналарға «Ашық есік» күн өткізіп, топтарға саяхат жасап, балабақша жұмысынан көрініс көрсетіп, ата-аналармен әңгімелесіп, олардың алған әсерлерімен бөлісе отырып, туындаған сұрақтарға жауап бердік. Мектеп жасына дейінгі мекемелерде өткізілетін жиналыс ата-аналар қатынасының бірлігінің міндетті түрі. Мұндай жиналыстарда жалпы талаптар ұсынылады, балалармен отбасында: еңбек, адамгершілік, дене тәрбиесін ұйымдастыруға, балабақша өміріне бейімделуіне нұсқау беріледі. Балабақшаның ата-аналармен жұмыс жоспарында оларға психологиялық-педагогикалық білімді дамыту жағы көзделуі қажет. Олар үшін сұрақ-жауап кештері, «дөңгелек үстелдер», іскерлік ойындарды өткізу жұмыстары ұйымдастырылады. Ата-аналарға кеңес беру баланың даму мен тәрбиеленуінің, денсаулығын сақтауының нақты жағдайларын талдауға көмектеседі. Кеңес беруді өткізгенде сенімді мағлұматтар жинап, белгілі бір отбасының баланы тәрбиелеудегі тәжірибесін пайдалануға болады. Кеңес беруді ұйымдастыруда ата-аналардын дайындық деңгейін ескеру маңызды. Бұл кеңес берудің түрін анықтайды. Жекелей кеңес беру екі жақтың да белсенділігіне байланысты болу керек. Мұндай кеңес ақыл, тілек, нұсқау беру түрінде өткізіледі. Топтық кеңес беру ата-аналармен арналған жұмыстардың түрі. Олар бірнеше отбасында бірдей қиыншылықтар туындаса немесе бірдей қызығушылықтары болса жүргізіледі. Топтық кеңес берудің мынадай тақырыптарын алуға болады: «Балалар ойынына талаптар», «Баланың дамуынын көрсеткіштері», «Тіл дамыту негіздері». Жыл бойына жүргізілетін жоспарларды ата-аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі заман талабына сай ата-аналар өзекті мәселелерді, әртүрлі тақырыптарды өздері ұсына алады.

Бүгінгі жас отбасылар — еліміздің ертеңгі — рухани кемелдену дәрежесіне жету үшін ұлттық тәрбиенің де алар орны ерекше. Қазақстан мемлекеті үшін бар білімі мен қабілетін сарап ететін, елін, туып өскен жерін, тілін, халкынын тарихын, діні мен мәдениетін, жеке тұлға тәрбиелеу — жалпы жұртшылық, әкімшіліктер мен білім беру мекемелерінің басты міндеті.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың қазақ халқына арналған Жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімімен өз еліне деген сүйіспеншіліктерін дамытуға тиіспіз және оларды қалыптастыру басты міндеттеріміздің бірі» деген сөзін басшылыққа ала отырып, балабақшада ата-аналардың катысуымен «Менің Қазақстаным» атты ұлттық тәрбие жұмысын жүргіздім. Мұндай шаралар аналардың және баланың бойына жақсы қасиеттерді қалыптастырады. Балалардың шығармаларын шындай түсу мақсатында «Біз бақытты отбасы» атты сайысын көрсету, қолөнер шеберліктерін, сауалнамалар, тестілеу тапсырмаларын орындау сияқты сайыс кезеңдерінен өте отыра өз бағаларын алды.

Отбасында өсіп келе жатқан ұл-қызға тәлім-тәрбие беру мақсатымен арнайы ата-аналарды балаларымен балабақша ауласын көгалдандыру іс-шараларына қатыстыра отыра, қоршаған ортаға, табиғатты сүюге, еңбекке деген сүйіспеншіліктерін арттырдық.

Абай атамыздың «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?» деген мақсатымен ата-аналарды балаларымен спорттық ойындар кешендеріне қатысуы жиі жоспарланып отырады. Себебі, ойындардың басты тәжірибелік мәні — болашақ ұрпақты жан-жақты дамытып, ой-өрісін өрбітеді. «Әкем анам және мен» атты спорттық жарыс өткізіліп, ата-анаммен балабақшаны бір-біріне жақындастырып, қиыншылықты бірге жеңіп, табысқа жетуге баулиды.

Отбасы педагогикалық процеске тарту, тәрбиеші жеке басына құрметпен, сеніммен қарауға итермелейді. Осы тұрғыда балалардың ата-аналарының үйлеріне бару, Бұл мақсата әртүрлі болуы мүмкін. Тәрбиешінің отбасына баруы, ата-аналарда тәрбиешінің жеке басы туралы көзқарастарын, оның балаларының қарым-қатынас тәсілдері мен әдістері жайлы түсініктерін қалыптастырады. Тәрбиеші сонымен қатар ата-аналардың нені кадірлейтінін, өмір жағдайы, психологиялық ахуалы туралы мәлімет алады. Осы мақсатта ата-аналарды топ өміріне тартып, әртүрлі бірлескен іс-әрекеттер түрлерін, мерекелер мен сауық кештерінің ұйымдастырылуы қажет.

Толық емес отбасында тәрбиеленіп жаткан балаларға ата-аналардың толық мүмкіншіліктері жетпей жатқанда, каржы мәселесін тұрмыстық мәселенің шешуін таба алмай, еңселері түсіп жүрген ата-аналарға психологиялық тұрғыдан көмек болатындай баяндамалар, кеңестер ұсынамын. Бұл отбасылардың өмірдің бастарына түсірген тауқыметіне қарсы тұра алатындай өмірге тез бейімделіп кетуіне себеп болады. Ұжымымызда әлеуметтік жағдайы төмен, қамқорлықтағы, көпбалалы отбасына көмек ұйымдастырылды. «Қайырымды болсаң өзгеге, шапағаты тиер өзіңе» акциясы ұйымдастырылды. Отбасы мен балабақша — бұл екі тәрбиелік феномен. Әрқайсының әлеуметтік тәжірибесі балаға берері бөлек. Алайда, екеуінің үйлесімділігі кішкентай баланың үлкен өмірге енуіне ыңғайлы ықпал жасайды. Ата-аналар және балабакшаның өзара қарым-қатынасының бірден қалыптасуы сирек кездеседі. Бұл ұзақ мерзімді процесс, таңдалған мақсатты ұдайы зерттеуі, шыдамдылықты талап етуші, ұзақ еңбекті қажет ететін еңбек. Сондықтан ұйымның өзара қарым-қатынасы өте киын жұмыс. Оның нәтижесі педагогтің шыдамдылығы және талапшылдығымен оның отбасында кәсіби көмекші болу іскерлігімен анықталады. Барлық бұл әрекеттер әрбір баланың ойлау және танымдық қасиеттерін, шығармашылық қабілеттерін, ең басты, оны жеке тұлға ретінде дамытуға бағытталады.

Осы баяндаманы аяқтай отыра, Ғабиден Мұстафин «Балаға сіңірген ата-ана еңбегін бала өмір бойы ақтап бола алмайды, ол өле-өлгенше суынбайтын махаббат» делінген. Менің ойымша, баланың болашағына толғанар ел, ойланар отбасы қалыптасса ғана, елдің болашағы зор болмақ. Ата-аналардың оқу мен тәрбие үрдісіндегі ынтымақтастық пен бірлескен жұмысы жан-жақты болса ғана жемісті болады.

ГККП ясли-сад №45 «Алтын бала»

Доклад « Подготовка детей к школе »

Предшкольная группа «Смешарики»

Воспитатели: Казина Г.С.
Жалмаганбетова Г.Ы.

Подготовка к школе

Актобе 2024-2025 год

Подготовка детей к школе

Готовность ребёнка к школе определяется прежде всего его физическим и психическим развитием. Любые отклонения в здоровье могут стать помехой в учёбе. Главным в укреплении здоровья должно быть чёткое выполнение режима дня : ребёнок должен вовремя ложиться спать, уметь рано просыпаться, делать зарядку, в любую погоду обязательно бывать на воздухе, причём не просто гулять, а активно двигаться. Особое внимание надо обратить на состояние нервной системы ребёнка. К моменту поступления в школу у ребёнка ещё недостаточно развиты процессы возбуждения и торможения, он уже способен подчиняться требованиям, сдерживать себя, но быстро утомляется. Ребёнок не должен перенапрягаться. От долгого сидения за столом, особенно при неправильной посадке, от длительных упражнений в письме возможны переутомление мышц, искривления позвоночника и мелких пальцев и кистей рук. А сильное утомление ведёт к раздражительности, агрессивности ребёнка. Излишняя возбудимость или заторможенность снижают способность к обучению, в дальнейшем ведут к нежеланию учиться, ходить в школу, отрицательно сказывается на отношениях с товарищами.

Вторым важным показателем готовность к обучению является объём знаний, которыми овладел ребёнок до школы, наличие у него определённого кругозора: представления о предметах, явлениях окружающего мира, об отношениях людей. Все эти знания обеспечивает программа детского сада. Но и родители должны учить ребёнка слушать, запоминать, рассуждать, доказывать, объяснять, делать выводы из наблюдений. Почаще родители должны задавать детям вопросы: как? почему? Побольше общаться, разговаривать с ними. Развитие речи помогает ребёнку связно говорить, чётко излагать свои мысли, тренирует память, обогащает речь, развивает мышление, что очень важно для обучения.

До школы дети должны научиться себя обслуживать: одеваться, завязывать шнурки, готовить своё рабочее место, убирать за собой, выполнять несложные физические упражнения, владеть иглой ножницами, карандашом, кистью. Родители должны учить своих детей выполнять поручения. Если поручили ему какое-то дело, проверьте, как он его выполнил, если он начал рисовать или лепить, пусть доведёт дело до конца.
Если желания ребёнка не совпали с желанием товарищей, пусть прислушается к их мнению , уступит в чём то, пусть ребёнок научится уважать окружающих людей . Очень важно с раннего возраста привить детям навыки культурного поведения. Дети должны уметь обращаться на «вы» к взрослым людям, уметь вежливо извиниться, попросить прощения. У таких детей легко складываются отношения с товарищами, со взрослыми. Очень важно, чтобы у ребёнка было желание учиться, интерес к школе. Родителям ни в коем случае нельзя пугать детей школой, учителем. Обычно так бывает, если ребёнок непослушен, не хочет заниматься, начинают запугивать, тем самым наносят вред своему ребёнку.

Очень полезно до школы развивать у детей моторику рук ,путём рисования, лепки, конструирования, эти дети успешно овладевают навыками письма. По математике должны уметь считать до 20 и обратно, знать предыдущие и последующие числа в пределах десятка, сравнивать предметы по размеру, знать геометрические фигуры: треугольник, четырёхугольник, круг.

Обучение детей чтению, можно учить родителям, но с правильным произношением звуков, иначе трудней переучивать.

Если у детей проблемы с речью, необходимо проконсультироваться с логопедом, вовремя начатые занятия помогут ребёнку исправить дефекты речи.

ГККП ясли-сад №45 «Алтын бала»

Баланың сөйлеу тілінің даму кезеңі

Предшкольная группа «Смешарики»

Воспитатели: Казина Г.С.
Жалмаганбетова Г.Ы

Актобе 2024-2025 год.

Балабақшадағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді.

Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;

- жаңа сөздерді меңгерту;

- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады.

Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті – сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады.Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады.

Арнайы ойын-сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады.

№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

Баяндама

« Ата-ана сөзі – тәрбие көзі »

«Балақай» мектепалды тобы

Тәрбиешілер:Койшина А.К

Ильясова М.У

Ақтөбе,2024 жыл

«Ата-ананың сөзі-тәрбие көзі»

Ата-ананың ақылы, Бұтақсыз қара жолмен тең.

Жақсылардың ақылы, Гауһар шырақ шаммен тең.

Басқа өркениетті елдермен тереземіз тең болу үшін терең мағыналы, кең ауқымды «Ел болам десең , бесігінді түзе» деген мақал тегін айтылмағаны жөнінде ойланған артық емес. Егеменді елдің ертеңгі –оқу –біліммен өнегелі тәрбиемен өлшенеді.

Бүгінде еліміздің балабақшаларында тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндердің арасында болашақ небір майталман өнерпаздар, әншілер, жазушылар, бір сөзбен айтқанда тала-талай мамандық иелері шығуы әбден ықтимал.

«Бұлақ көрсең –көзін аш»- демекші солардың бойындағы әлі бүршік жармаған небір адам қассиеттерін ерте бастап байқап, жақсы нышыандарға баулу ең алдымен ата-аналар мен тәрбиешілердің сезімталдығы мен ізденпаздылығына көп байланысты.

Кез келген ата-ана ең алдымен баласын жақсы тәлім- тәрбие көрсететін, балабақшаға, тәрбиешіге апарғысы келеді. Халқымыз «жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» демей ме? Қазақ халқы- мәдени бай мұрасы, өзіне біткен табиғи ерекшелігі бар, сергек ой, сезімтал жүрек, дәстүрлі тәрбие, әдіс-тәсілдері бар халық. Халықты сүй, халық үшін ерлік еңбек ет, ел-жұртқа қорған бол деушілік, қазіргі күнде ескірген сөздер емес, қайта мағыналы , мәнді сөздер. Біз өзіміз ата-аналар кішкенетай сәбилеріміз деп күнделікті тұрмыста, отбасында мәдениетті сөйлеп, мәдениетті мінез-құлық көрсете білсек. Міне сонда жас сәбилеріміздің балабақшадағы тәрбие жұмыстарына өте үлкен үлесімізді көрсету керек. Себебі не нәрсе отбасынан басталып, бала бақша, мектеп, көпшілік орындарымен жалғасады.

Жас ұрпақты тәрбиелеу баршамыздың міндетіміз. Балалардың мінезқұлқына қатаң тәртіп орнату, бала бақшамен отбасы талаптарының бір тұтас болуына байланысты. Тәрбиелі бала өсіргісі келген әрбір адам оның адамгершілік жағына көбірек көңіл аударғаны дұрыс. Өткені, тәрбие отбасынан басталады Отбасы – адамзат бесігін тербеткен баланың бас ұстазы – ата – ана. Ұлтымызда «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген дана сөз бар. Әр отбасында ата –ананын орны бөлек. Бала әкеден – ақыл, анадан – мейірім алады. Әке отбасының асыраушысы, қамқоршысы, тірегі деп білесін, Ана – отбасының ұйытқысы, тірегі, жылуы, шуағы. Жақсы ана отбасына береке әкеліп, жанұясын бақытқа бөлейді.

Отбасы – шағын әлеуметтік топ, бала үшін өмір мектебі. Бала тәрбиесіне отбасының әсер ету жақтарын сөз еткенде оны үш топқа бөліп қарастыруға болады:

Отбасы топтар:

1 – топ: Баланы қалай тәрбиелей біледі және дәл солай тәрбиелейді. Олар көп емес, алайда, өздерінінің сапалы өмірі мен сапалы іс – әрекетін тек өз балаларына ғана тәрбие беріп қоймай, мектептегі қоғамдық жұмыстарға қолғабыс етіп басқа ата – аналараға үлгі көрсетеді.

2 – топ: Өз балаларына өнегелі тәрбие бергісі келеді,бірақ қалай тәрбиелеу керек екенін білмейді. Олар білмегендіктен балаларына кері әсері етуі мүмкін.

3 –топ: Балаларды тәрбиелеудің жолдарын білмейді, білгісі де келмейді. Соншалықты көп болмағанымен «қиын» балаларды беретін отбасылар.

Атақты физиолог И. Павлов «Әрбір баланың мінез құлқы отбасы мен ата – анасының жағымды іс – әрекетінен үлгі алу барысында қалыптасады» деп тұжырымдайды.

Отбасындағы бала тәрбиесі туған, өскен ортаға, ата – анаға, үлкендерге , олардың үлгісіне байланысты. Мысалы: «Жібекті түте алмаған жүн етеді, баланы күте алмаған құл етеді», «Бала айналасына қарап өседі» - дейді халқымыз. Асырау мен тәрбие беру екі түрлі мәселе. Егер бала бірдеңе айтқысы келсе, қарсы болмай тыңдау керек.Егер бала ренжіп отырса, онда себебін өзі айтқанша асықпаныз. Бала мектептен келгенде бірден сұрақтар қойып қарсы алмау керек. Балаға мектепке барар алдында сенімділік пен сәттілік тілеу керек.

Балалар өте байқағыш, еліктегіш, әр нәрсеге үңіле қарайды, көп нәрселер оларды ойлантады. Балалар әдетте өзіне түсініксіз оқиғалардың, құбылыстардың сырын білуге құмартады. Күн сайын олардың алдында жаңа сұрақтар туады. Сол сұрақтың жауабын олар ересектерден күтеді, өйткені, олардың түсінігінше, ересектердің білмейтіні болмайды. Мұндай ерекше сұрақтар балалардың ақыл-ой еңбегімен шұғылданудағы ниетін, ықыласын сипаттайды. Сондықтан ересек адамдар бала сұрағын жауапсыз қалдырмауға тырысқан жөн. Себебі сұрағына жауап ала алмаған бала келешекте сұрақ қоюдан жасқаншақтайды және бұл баланы дүниені тануына кері әсер етуі әбден мүмкін. Адамға көбінесе үш алуан мінез адамнан жұғады.

«Бірінші – ата – ана, екінші – ұстазыннан, үшінші – құрбысынан» деп ойшыл Абайда өте дұрыс айтқан. Бала тәрбиелеуде отбасылық жақсы дәстүрлер қалыптастыру- ата-ананың бала тәрбиесіндегі қажетті құралы. Отбасы мүшелерінің туған күндерін жақсы істермен атап өту, бірлесіп еңбек ету, үй шаруаларын атқару жөнінде күнделікті ақылдасып отыру, сабақ даярлауға көмектесу секілді істер баланың жақсы азамат болып өсуіне, салауатты өмір сүруге жетелейді. Барлық ата-ананың мақсаты- балаларын үлкен азамат етіп тәрбиелеу. Осы істе табысқа жету үшін баланы өз ісіне есеп беруге, заңды сыйлауға, өз құқығын қорғай білуге, соңында өзін-өзі тәрбиелей білуге үйретуіміз керек. Осындай мақсатты өмірлік ісі деп түсінетін ата-аналар балаларын қоршаған ортамен, айналадағы қоғамдық құбылыстармен, тарихпен, әдеби жаңалықтармен таныстырып, ерінбей еңбек етуге үйретіп, сыпайы қарым-қатынас жасап, күнделікті өмірінде дос, сырлас бола біледі.

МКҚК №45 "Алтын бала" бөбекжай-балабақшасы



«Ересек балаларды мінез-құлыққа тәрбиелеу!»

(баяндама)

"Көбелектер" ересек тобы

Тәрбиешілер: Тажбенова З.Ш..

2024/2025

Ересек мектеп жасына дейінгі балалардағы мінез-құлық мәдениетін көркем шығармамен таныстыру арқылы тәрбиелеу.

Қазіргі педагогика дидактикадан біртіндеп дамып келеді. Бұл нені білдіреді? Ең алдымен, психологтар ғана емес, сонымен қатар практик-педагогтар да өздерінің тәрбиелік және тәрбиелік іс-әрекеттерінің нәтижелерін әр баланың жеке басының дамуында, оның мәдени әлеуетінде, қабілеттерінде, мәдени мінез-құлқының көріністерінде сезіне бастайды және көре бастайды. .

Осыған байланысты көркем әдебиеттің рөлін асыра бағалау мүмкін емес, бұл балаларға қоршаған әлемді және онда болып жатқан оқиғаларды саналы түрде қабылдауға көмектеседі.

Мінез-құлық мәдениеті - жалпы адамзаттық мәдениеттің, адамгершіліктің, адамгершіліктің маңызды бөлігі. Сондықтан баланы барлық жерде және барлық жерде қоғамды тұтастай құрметтеуге және оның әрбір мүшесін жеке-жеке оларға қалай қараса, солай қарауға үйрету өте маңызды. өзіне және басқалардың оған деген қарым-қатынасы. Өкінішке орай, барлық ата-аналар мен мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешілері балаларды мәдени мінез-құлық дағдыларына тәрбиелеуге жеткілікті көңіл бөлмейді.

Біз мектеп жасына дейінгі балаларда мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу мәселесі өзекті деп санаймыз, өйткені адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы өмірде маңызды рөл атқарады. Егер бала жақындарымен, таныстарымен мәдени қарым-қатынас жасауды үйренсе, ол мүлдем бейтаныс адамдармен де солай әрекет етеді. Балаға мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру арқылы біз қоғамның дамуына үлес қосамыз, сонымен қатар біздің заманымызда қоғамда өзін-өзі ұстай алатын балалар көбейіп келеді деп айта аламыз. .

Мектеп жасына дейінгі балалардың мәдениетін тәрбиелеудің тиімді құралдарының бірі - көркем әдебиет. Ол

баланың сезімдері мен ақыл-ойына әсер етеді, оның қабылдағыштығын, эмоционалдылығын, сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін дамытады, дүниетанымы мен мінез-құлқын қалыптастырады.

Осыған байланысты, мектеп жасына дейінгі балаларда мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру қажеттілігі мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында бұл жұмыс жүйелі түрде жүргізілмейтіндігі арасында қарама-қайшылық туындайды, бірақ көркем әдебиет сияқты тиімді құрал анда-санда қолданылады. .

Сондықтан **зерттеу тақырыбы**: "Көркем шығармамен таныстыру ересек мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу құралы ретінде".

Бұл жұмыстың мақсаты: ересек мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу құралы ретінде көркем әдебиетпен танысу мүмкіндіктерін анықтау.

Зерттеу нысаны: ересек мектеп жасына дейінгі балалардағы мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу процесі.

Зерттеу пәні: көркем шығармамен таныстыру арқылы ересек мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу.

Зерттеу міндеттері:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардағы мінез-құлық мәдениеті ұғымын қарастыру.

2. Мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеудің мазмұнын қарастыру.

3. Ересек мектеп жасына дейінгі балалардағы мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеудің қолданыстағы әдістері мен әдістерін анықтау.

4. Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу деңгейін анықтау және талдау.

5. Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеуге бағытталған сабақтар өткізіп, нәтижелерін талдау.

Мектепке дейінгі жас - бұл тұлғаның алғашқы қалыптасу кезеңі. Көптеген психологиялық-педагогикалық зерттеулер дәл осы жылдары мақсатты тәрбиемен жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерінің негізі қаланатындығын растайды.

Балалар көп нәрсе олардың әрқайсысының мінез-құлқына байланысты екенін түсінуі керек: біреу ойыншықтарын уақытында алып тастамады - сабақ кейінірек басталды, оны тамақ ішіп жатқанда ұрлап кетті, күтуші мен кезекшілерге қосымша жұмыс берді. Мұндай іс-әрекеттерді тиісті түрде бағалау және мұғалімнің оларға деген реакциясы тәрбиелік мәні зор. Балалардың мінез-құлық ережелерін меңгеруін қамтамасыз ете отырып, тәрбиеші сонымен бірге балалардың адамгершілік нормаларын игеруіне қамқорлық жасайды: көну, жолдасына уақытында көмектесу және т.б.

Балалар эмоционалды, сондықтан тәрбие әдістері олар үшін түсінікті ғана емес, сонымен қатар қызықты болуы керек. Кез-келген ережені бекіту кезінде суреттер мен көркем шығармаларды қолданған жөн. Балаларды тиісті мазмұндағы әзіл-сықақ шығармаларымен таныстыру топта белгілі бір эмоционалды көңіл-күй қалыптастырады, балаларды қажетті мінез-құлық ережелерін білуге және оларды орындауға деген құштарлыққа тәрбиелейді.

МКҚК №45 "Алтын бала" бөбекжай-балабақшасы



«Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі!»

(баяндама)

"Көбелектер" ересек тобы

Тәрбиешілер: *Тажбенова З.Ш..*

2024/2025

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ АТА-АНАНЫҢ РӨЛІ

Әрбір ата-ана өз перзетінің әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының сүйікті және кішпейіл азаматы болып жетілуін қалайды. Ата-ана перзентінің жақсы азамат болып жетілуі үшін өз отбасында балаларын тәрбиелеудің нәзік жақтарының зандылықтарын білуі шарт. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қатынасы мазмұнды, берілген тәрбие сенімді және негізді.

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы – тұған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі, тілі. Қазақтың: «Баланың бас ұстазы – ата-ана», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» – дегендей, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы байсалды, ұғымпаз, тілалғыш етіп баулыған жөн.

Қай халық болмасын үмітін ең алдымен ұрпағымен байланыстырады. Міне, сондықтан да:

«Ана – үйдің берекесі,
Бала үйдің – мерекесі.
Бұтағымен ағаш сымбатты,
Ұрпағымен адам қымбатты.
Бала болсаң балғындай бол.
Айналаңа қорғандай бол» -деген

қағиданы берік ұстаған ата-бабаларымыз өз ұрпағын адам – деген атаққа лайық етіп өсіруді мақсат еткен.

Ата-ана тәрбие беруде ата-бабамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегесінің мәнісі зор. Отбасы тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны бөлек. Әке мен ана баланың алғашқы ұстазы. Адамзат баласы ананың мейірлі мейріне қанып, әке өсиеттерін тыңдап өссе ғана тәрбиелі отбасынан шыққаны көпке таңытыды.

Ана – бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Дана Абай бабамыз қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы, «адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтімен жаралған» – деген ғұламалық ойды тарата келе, осы қасиеттің міндетті түрде тәрбиеленуі туралы айтады. Тәрбиенің негізі «ананың әлдиінен» басталады емес пе?

Ана тәрбиесі ұлылық дәнін себеді. Тәрбиелі анадан – тәрбиелі бала өсіп шығады.

Соңғы жылдары отбасында, қоғамда ер адамдардың, әкелердің рөлі төмендегендей. Бұған кейде заманды да кінәләп жатамыз. Әрине, бала тәрбиесіндегі әкенің орны бөлек, әсіресе, ер бала тәрбиесінде. Әкенің қатаң талабын, тәрбиесін көрген бала ертең қоғамда да өз отбасында да шешуші тұлға бола алады. Кавказ халықтарында да: «Нағыз жаылы орын: қылышқа – қынабы , отқа – шырағы, ер жігітке – өз үйі» – деген тамаша нақыл сөз бар.

Қазақстан Республикасы Ата Занының 27 бап, 2-тармағында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы» -делінсе, «Қазақстан – 2030» бағдарламасында: «Әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелеріне сонау алыс болашақта, олар біздің жасымызға жеткен кезде қандай күйде көргіміз келеді…» деліні, ұрпақ тағдыры айтылады.

Бала – ата-анасының игі істерінің жалғастырушысы, болашағы. Бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі де, жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да жаманға да бірдей бейім болатыны баршымызға мәлім. Ата-ананың үйіндегі әрекеті балаларныың көз алдында өтеді, сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Әрбір ата-ана – өзінің баласын Отанға пайдалы, өіне мейрімді, еңбекқор, адамгершілігі мол адам етіп тәрбиелеуге халық алдында да, мемлекет алдында да жауапты. Бірде-бір ата-ананың бала тәрбиесіне немқұрайды қарауға еркі жоқ. Егерде ол, бала өсіруде қате жіберсе, осалдық байқатса, қартайғанда опық жейтіні, өкінішке ұрынатына ешбір дәлелдеп жатуды қажет етпейтін ақиқат.

Бала тәрбиесі туралы сөз болғанда: «Баланы жастан» – деген халық даналығын ұмытуға ешкімнің хақысы жоқ. Сондықтан, «бала жас, әлі ешнәрсені білмейді, өсе келер бәрі түсінеді», – деп қарау – барып тұрған қателік. Бала тәрбиесі – әр сағат, әр күн сайын тынымсыз жүргізіле беретін аса жауапты, күрделі процесс. Тәрбие отбасынан басталады, оны қоғамдық тәрбиенің қандай саласы болса да алмастыра алмайды.

Атақты қазақ ақыны Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде:

«Обасы –шағын мемелеке,
Мен – президент, сен – премьер», дегені бар.

Отбасы – ең үлкен, мықты тәрбие ошағы, шағын мемлекет. Отбасының негізі баланы өмірге келтіру ғана емес, оны мәдени- әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдату, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңес тәжірібиесін бойына сіңіру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу. Үлкен ұрпақтың тәжірібиесі, өмірдегі беділі, ақыл-кеңестері, ата-ананың өз борышын мүлтіксіз орындауы, бір-бірін құрметтеуі – үлкен тәрбие мектебі. Бала дүниеге келгеннен бастап ата-ананың ықпалында болып, бағыт беруші тәрбие мектебінен нәр алады.

Өз отбасында бала ата-ананың қамқорлығына, шексіз сүйіспеншілігіне бөленіп, әке мен ананың жақсылығы мен дәулетінің қызығын көріп қана қоймай, адамгершілік, әдеп-инабат тағылмдарынын алуы, оларды меңгеріп іс- жүзінде қолданудың ынта мен ықылас, қайрат пен қажыр ететін жолынан өтуге тиіс.

«Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,
Өнермен қуантады түбінде.
Бала нені білсе жастан, ұядан –
Өле-өлгенше соны таныр қиядан.
Өнер – білім берем дасең басыннан,
Бер оқуға балаларды жасынан,
Жақсы-жаман болса, бала – соларда», – деп
XI ғасырда Жүсіп Баласағұн айтқандай, ата-аналар балаларының жеке ерекшеліктерін жас күнінен танып, соған қарай бағыт-бағдар тәрбие берудің маңызы ерекше.

Отбасынадағы тәрбиенің кереметі – баланы еңбекке баулу. Ол – адамдық кемелденудің негізі. Еңбек ете білмеген немесе оны жек көрген адамның отбасы берекелі болмайды. Өйткені, ежелгі Рим философы Горациий айтқандай: «Өмір еңбексіз ештене бермейді.» Сондықтан: отбасындағы да, қоғамдық ортадағы да тәрбиеде балаларды еңбек ете білуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу басты нысана болуы тиіс. Сонда ғана отбасы мүшелелері арасындағы

№45 "Алтын бала" бөбекжай – балабақшасы

Бекітемін:

меңгеруші Ш.Т.Жусупова

Баяндама

«Балаларға экологиялық тәрбие беруде Ата-аналармен жұмыс»

"Балапан" ортанғы қазақ тобының

Тәрбиешілері: ***Қарақозина М.Ә***

Елепбергенова А.С

Ақтөбе қаласы 2024-2025 оқу жылы

Баяндама

Табиғат –біздің ортақ үйіміз.Табиғатқа деген сыйды жоғалту адамзаттың адамгершілік құндылықтарын жоғалтуға әкеліп соқтырады. Қазіргі уақыттағы әлемдегі экологиялық жағдай адам көзқарасының өзгеруін талап етеді. Өсіп келе жатқан ұрпақта жаңа экологиялық сезім қарастырылуы керек деп санаймыз.Келешекте балалар кім болса да ,олар қоршаған ортада рөльдерін бөліп , табиғат заңдылықтары бойынша өз түсініктері болуы керек. Экологиялық тәрбие мен білім беру –қазіргі таңдағы айқын бағыттардың бірі. Экологиялық мәдениеттілікке тәрбиелеу неғұрлым ерте басталса, соғұрлым оның болашағы зор болмақ. Баланың сәби кезінен экологиялық мәдениеттілік санасын тәрбиелеу –осы мәселелердің шешілу жолдарының бірі болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдардағы экологиялық тәрбие берудің маңызды міндеті-балалардың табиғаттың әсемдігін көріп түсіне білуге ,тірі табиғатқа қамқор бола білуге үйрету және экология саласы бойынша нақты білім беріп, аймақта қолданылатын ресурстары шектеулі екенін түсіндіру керек .Біз баланы табиғатты пайдаланып қана қоймай ,оған қамқор болуға,оны күтіп аялауға үйретуіміз керек.

Экологиялық білім берудің басты міндеттері:

-өсімдіктермен жануарларды күте білу дағдыларын қалыптастыру.

-қоршаған ортада алған әсерлерін жеткізе білу,эмоциялық көңіл-күйлерін басқара білу дағдыларын жетілдіру.

-қоршаған ортаны сүйе, табиғатты қорғай білуді жүйелі түрде жүзеге асыру.

-табиғат пен бала арасындағы оңтайлы қарым-қатынас орнату.

-адамның табиғаттағы тіршілік әрекеті және жеке гигиена жайындағы білімдерді тиімді жолдары мен жеткізу.

Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін мынандай жұмыс түрлерін орындауға болады:

-балалардың экологиялық білімдерін қамтамасыз ететін пәндік-дамытушы ортаны құру.

-«Экологиялық соқпақ», «Қызыл кітап», «Жасыл аймақ», «Дәрілік өсімдіктер» орталығын құру,тірі табиғат бұрышын ұйымдастыру.

-үлестірмелі материалдар жинақтау (гербарий,суреттер жинағы,,табиғат туралы мақал-мәтелдер т.б)

-экологиялық тақырып аясындағы бағдарламаны жүзеге асыра білу жолдарын таба білу,басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттерімен сабақтастыру.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері кезінде балаларға табиғат туралы жұмбақтар , мақал-мәтелдер, тыйым сөздер, табиғат туралы ертегілер де оқуға болады.

Жұмбақ.

Қарасаң келбетіне

Тұмсығы найзағайдай

Шығарып су бетіне,

Қакнатын жайса жай,

Көрінер кемедей

Мұхитта телегей.

Бұл жұмбақтың шешуі не?

(балық)

-дұрыс , балықтар қайда тіршілік етеді?

(суда)

-иә , олар сусыз тіршілік ете алмайды. Суда өседі. Судан шықса, ауа жетпей қалады.Сол үшін балықтың өсіп-өнуіне жағдай жасау керек.

Біз бүгін «Алтын балықпен»танысамыз.

Балық желбезекпен тыныс алады. Өкпесі жоқ.Құйрығы бұрылу қызметін атқарады. Балық сопақша болады. Олар ұсақ балдырлар , яғни су өсімдіктері мен қоректенеді.

Сергіту сәті:

Қане балалар тұрамыз

Бойымызды жазамыз

Балықтарға ұқсап біз,

Жүзіп-жүзіп аламыз.

Балалар тәрбиешінің жасаған іс-қимылдарын қайталайды.

Тосын сый. (Есік қағылады . Балықша атай кіреді. Сәлемдеседі. Өзі балық аулап келе жатқанын айтады.)

-Ата балалар сізге тақпақ айтып берсек дейді.

Дәмді ететін сорпаңды

Білем таяз ортаңды,

Денесінен басы үлкен,

Ұстап алдым шортанды

Ең ірісін алыппын,

Өзім соған қарықпын

Атам айтқан осыны,

Қасқыры деп балықтың

Балықшы атай:Бәрекелді , қарақтарым, рахмет! Мен сендерге жұмбақтар жасырайын.

Аузы бар , тілі жоқ

Терісі бар , жүні жоқ

Жүрегі бар , ізі жоқ,

Қанаты бар, ұшпайды.

Су астында қыстайды.

(Балық)

Балықшы атай:-Жарайсыңдар, шешуін дұрыс таптыңдар. Мен бүгін сендерге алтын балық ауладым.

Ойын: Кім алтын балықты құрастырады?»

Тәрбиеші балалар; мына алтын балықты қалай күтеміз?Ол үшін аквариумды жақсылап жуып; тасын тазалап; балдырын салады. Содан соң бір күн тұрған суды аквармуге құяды,балықты суға жібереді. Аквариумды жарық жерге қойып, тағамын арнайы ЗОО дүкенінен алуы керек.

(Барлық іс-әрекеттерді балалардың қатысуымен жүзеге асыру.Тамақтандыру.)

Осы атқарылып жатқан жұмыстардың барлығы балаларға қоршаған ортаға саналы , мейірімді көзбен қарауға, табиғат аясында ережелерді сақтауға,дұрыс қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу, туған өлкесінің сұлулығына,табиғат тіршіліктеріне деген сүйіспеншілігін , махаббатын ояту.Мүмкін сонда ғана бүлдіршіндеріміз құмырсқа илеуін бұзбауға , тірі жәндіктерді сақтап, оларды әлсіз тіршілік иесі ретінде аяушылықпен қарап, оларға қамқорлық жасап қол ұшын беруге даяр болар.

№45 «Алтын бала» бөбекжай балабақшасы

«Балапан» ортаңғы қазақ тобы
«Бала және отбасы»

Тәрбиешілері: Қарақозина М.Ә
Елепбергенова А.С

2024-2025 оқу жылы

Бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі де жауапты іс. Қай халық болсын ұрпағының тәрбиесіне терең мән беріп, болашағына үнемі алаңдаушылықпен қараған. Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек деген ойшыл ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз: ***«Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі...»*** демекші ұрпақ тәрбиесінде балаға білімнен бұрын тәрбие беру маңызды екенін дәлелдеген. Адамгершілік негізі - имандылық пен ізеттілікте. Ол әрбір отбасынан басталады. Осыны жадында тұтқан қазақ халқы жастарды кішіпейілділікке, ізеттілікке, инабаттылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет деп санаған. Халқымыз: ***«Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер»*** дейді. Ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балалардың көз алдында өтеді. Сондықтан жақсы мен жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне әсері зор. Бүгінгі бәсекеге қабілетті талап еткен қоғамда жас ұрпақты сол қоғам мүддесіне сай, оның мұң-мұқтажын өтерлік, елін, жерін, халқын көзінің қарашығындай қорғайтын ұлтжанды, кісінің ала жібін аттамайтын иманды азамат етіп тәрбиелеуіміз қажет.

Бүгінгі ұрпақ еліміздің болашағы. Біздің алға қойған мақсатымыз қазіргі қоғам мұратына сай жан-жақты жарасымды тұлға өсіру. Ұрпағымызға дұрыс тәрбие бере алсақ, оның жан дүниесі де дұрыс қалыптасып жетіледі, яғни бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп өседі. Бұл қасиеттердің бәрі адамның бойында бала кезінен бастап тұрақты қалыптаспақ. Баланың өмір сүруге құштарлығының оянуы жақсы мен жаманды, обал мен сауапты ажырата білуі өзін қоршаған ортасына, ата-анасына, құрбы-құрдастарына, олардың іс-әрекеттеріне және де басқа да қасиеттеріне байланысты.

Отбасында бала тәрбиесіне көңіл бөлмеуі

Ата-анасынан ала алмаған жылулықты көшеден іздеген баланың тағдыры орны толмас өкініштерге соқтырып жатады. Ата-аналардың көпшілігі күн көрістің қамымен таңнан қара кешке дейін жұмыста болғандықтан, баласының тәрбиесіне көңіл бөлуге уақыттары тапшы болып жатады. Ең бастысы балашағамыз қатарынан кем болмай, киімі бүтін, тамағы тоқ болса, қалтасында қымбат смартфоны болса болды деп, материалдық құндылықпен шектелудеміз. Сондай-ақ көптеген ата-аналар бала тәрбиесіне көңіл бөлмей, немқұрайлы қарап, барлық тәрбиені мектепке міндеттеп қояды. Бір әке-шешенің берген тәрбиесін жүз мектеп бере алмайтыны айдан анық. Мектеп балаға білім беретін, болашақта бір мамандық иесі болып қалаптасуы үшін білімнің іргетасын қалайтын оқу орны. Отбасында адал мен арамды білмей өскен бала, өскенде дінге қатысты көкейінде жүрген сұрақтың жауабын ата-анасынан ала алмағандықтан, көшедегі жат ағымның өкілінен сұрап, оның етегінен ұстап, оп-оңай соңынан кетеуі де мүмкін. Ертеңгі күні балаңыз теріс жолды таңдаса, ***«Неге менің балам ғана осылай болды?»*** деген өкініш өзегіңізді өртемесіне кім кепіл болмақ.

Әлеуметтік желінің ықпалы Ата-анадан жауабын ала алмаған бала, интернетке жүгінетіні сөзсіз. Интернет пен әлеуметтік желілердегі тыйым салынған уағызшылардың экстремистік сайттардың еркін қолжетімділігі де баланы жарға жығуға итермелейтін факторларының бірі болып тұр. Қазіргі таңда ұялы байланыссыз, интернетсіз жүрген баланы көрсек, таңырқайтын кезге тап болдық. Интернетте шетелдегі тыйым салынған псевдошейхтар мен еліміздегі заңсыз уағыз айтушылардың уағыздары бұрынғыға қарағанда біршама бәсеңсіді. Балалар сол интернетте жарияланған мәліметтерге, видеоларға сеніп, оларға лайк басып, пікір жазып, ақпараттармен бөлісіп отыруды үрдіске айналдырған. Сол мәліметтер мен видеолардың арасында жиһадқа шақыратын, билікке қарсы қоятын ақпараттар да жетерлік. Сондай ақпараттарды достарымен бөлісіп, от басып жатқандары қаншама. Ең бірінші мешіттен діни сауатын ашып, содан кейін зайырлы тәрбие беретін мектептерде білім алып, тарихи, дәстүрлі құндылықтарымызды, тұлғаларымыздың өмірін балаға өнеге етіп айтып, келеңсіздікке тап болмау үшін, балаға тәрбиемен қатар үйреткен дұрыс. Бала қолындағы смарфонмен сіздің қасыңызда болғанымен ой-санасы мен жан-дүниесі өзге жақта болып қалмасын.

Отбасындағы ұрыс-керістің балаға әсері

Біздің бір әдетіміз балалармыз тілімізді алмай, көңілімізді қалдырса, ***«Анау өзің секілді Пәленшенің баласын қарашы, қандай ақылды», «Мына Түгеншенің ұлын қарашы, жазуы керемет, маржандай»*** - деп өзге балалармен салыстыра кетеміз. Жұрттың баласы шынымен де ақылды шығар. Бірақ ол біздің баламыз емес қой. Біздің баламыз алдымызда отыр. Және ең жаманы не екенін білесіз бе?! Мұндай сөздерді естіген балаңыз дәл қазір өзін ең ақылсыз, ең жаман балаға балап отыр. Бала санасында ***«мен жаманмын», «ата-анам маған разы емес», «мен нашармын», «мен төменмін», «мен ондай бола алмаймын»*** деген ойлар қалыптасып үлгерді. Сол секілді отбасындағы келіспеушілік пен ұрыс-керісті мейлінше баланың көзінше болмағаны дұрыс. Мысалға: ***«менің күйеуіме ондай болу қайда, жұрттың күйеуі алтын ғой», «менің әйелім сондай болса, шіркін...»*** деп баланың ойында ата-анасына деген дұрыс емес көзқарас қалыптастырмаңыз. Себебі, кемшілік пен қателік әр адамның басында бар. Тіпті, әрі-беріден соң сіздікі жаман екен деп ешкім сізге жақсы адамды әкеліп бермейді. Сондықтан сіздің отбасыңыз баланыздың тәрбиесі сіздің айнаңыз. Баланыз сіздің ұрпағыңыздың жалғасы, сізден алған тәрбиесін ертеңгі күні өз баласына береді.

Ертеде бір Құдай қосқан көршілер болыпты. Екеуі де бір ауылдың құрдас, замандастары екен. Балалары да бір мектепке барып, үйдің ауласында бірге ойнайды. Бірақ, әлгі көршілердің баласына әкесі үнемі балам: ***«Велосипедті ешкімге бермей өзің ойна. Олар бекерге сындырып тастайды. Балам мынаны ешкімге бермей жеп ал. Балам оларға есеп шығарып берме. Түскі асыңды өзің же. Қарның аш қалады. Олар өздері алып жесін. Ойыншықтарынды ешкімге берме»*** - деп ұрсады екен. Ал екіншісі көршінің әкесі ұлына: ***«Балам - мектепте тамақ сатып алсаң, достарыңа да бөліп***

бер. Кішкене болсада жесін. Саған қарап қызығып қалмасын. Ойыншықтарынды өзің ғана ойнай бергенше. Оларға да беріп, кезегімен ойнаңдар. Велосипедті бірге тебіндер»,- деп екі үйдің отбасы балаларын екі түрлі тәрбелейді екен. Солай уақыттар зулап өтіп, екі үйдің бірге өскен балалары мектепті, содан соң оқу орнын бітіріп, өз алдарына бір әулеттің отағасына айналады. Әлгі, ***«Велосипедті бірге тебіндер»*** деп үйреткен әкенің баласы айналасына сінімді. Туыс-туғанына қайырымы мол, жомарт жігіт болады. Ал, әлгі ***«Ешкімге бермей өзің жеп ал»,*** - деп тәрбиелеген әкенің баласы. Қара басының пайдасын ойлағыш, сараң болып өседі. Бала-біздің айнамыз. Бүгінгі бейнесі кешегі үйдегі тәрбиенің жемісі.

Қорыта келе қоғамдағы жақсы жаман баланы, тіпі тұлғаны қолдан өзіміз жасаймыз. Сондықтан болашағының баянды болғанын қалаған ел. Ұрпағының ұлағатты болуына мүдделі болуы керек.

Бекітемін_____

№45 « Алтын бала» бөбекжай балабақшасының

меңгерушісі:Жусупова Ш.Т.

Тақырыбы:

«Балаларға экологиялық тәрбие беруде ата-аналармен жұмыс»

«Бөбек» ортаңғы қазақ тобы

Тәрбиеші: Оразалина А.А.

2024-2025ж.

«Балаларға экологиялық тәрбие беруде ата-аналармен жұмыс»

МАҚСАТЫ:

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру арқылы ата-аналармен туралы түсініктерін қалыптастыру.

Балаларға экологиялық тәрбие беру, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру, әлемнің әдемілігін көре білуге тәрбиелеу, табиғат құбылыстары, заңдылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру;

Табиғатта және тұрмыста өзін — өзі ұстаудың экологиялық сауаттылық дағдыларын меңгерту;

Қоршаған ортаға деген қарым-қатынасы әрекетін болжай білу.

Балаларды табиғатпен таныстыру негізіндегі адамгершілік

мәдениетін қалыптастыру.

Қазіргі таңда адамзат ауасын жұтып, суын ішіп отырған табиғат Ананы қорғап, аялау барша жұртқа тіршілік қамы, табиғи қажеттілік. Сондықтан да бүлдіршіндерді айналадағы табиғи ортамен үнемі қарым-қатынаста болуға үйрету, олардың ұғымдарын қалыптастыру, табиғатқа деген жанашырлыққа тәрбиелеу қазіргі балабақшадағы тәрбие ісінің өзекті тармақтарының бірі болып табылады.

Балабақшадағы тәрбиенің мақсаты-экологиялық тәрбие бере отырып, табиғатты аялап, оны қамқорлыққа алып күту, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қарапайым ұғымдар қалыптастыру.

Балабақшадағы экологиялық тәрбие жұмысы, тәрбиешінің негізгі салалары болып есептелетін адамгершілік, эстетикалық, еңбек тәрбиелерінің желісінде және халықтық педагогиканың қайнар бұлағын пайдалана отырып жүргізсе, айналадағы орта, табиғат жайындағы жалпылама ұғымдар нақтыланып, қалыптаса береді. Экологиялық тәрбие жұмысына орай көрнекіліктерді қолдана отырып, табиғат бұрышының жабдықталуына байланысты сайыстар ұйымдастырылып экология мәселелері туралы,

жағымды-жағымсыз әрекеттер бейнеленген суретте пайдаланылғаны, ата-аналар мен тәрбиешілердің бірлескен жұмысының нәтижесінде табиғат туралы шағын кітапхананы өлі және тірі табиғатпен жабдықтау арқылы көрме ұйымдастырылғаны дұрыс.

«Құстар күні», «Табиғатты сүйеміз», т.б. ертеңгіліктер бала еңбегімен ұштасып, әр педагогтің ізденімпаз әрекеті ғана болашақ табиғат жанашырын тәрбиелей

алады дей келіп, тәрбие жұмысын жүргізудің мынадай екі нысанасына назар аударамыз:

а) балалардың экологиялық тәрбие беру арқылы айналадағы табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятып, ұғымын кеңейту, оның әсемдігін нәзік сезінуге, өсімдіктер,құстар мен жануарлар дүниесін қамқорлыққа алуға баулу.

ә) балабақшада табиғат жайында алғашқы ұғымды қалыптастыра отырып қарапайым білім беріп, осының негізінде тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде нақты және жалпылама таным-түйсік қалыптастыру. Табиғат туралы бүлдіршіндердің ой-өрісін кеңейтіп, осы түйсіктер арқылы бүлдіршіндерге табиғат сырларын ұғындыру жөніндегі экологиялық тәрбиенің ортаңғы тобына арналған жоба-бағдарламасын ұсынып отырмыз:

Бұл топтағы балаларда ортаны танудың физиологиялық механизмдері өзінің жоғары даму деңгейіне жетеді. Іштей ойлау, ой түю пайда болады. Баладағы ой-сана мен жүйкенің қозғалуы мен тежелуі ширығып, күшейеді, тепе-теңдік сипат алады. Абстракты ойлау біршама дамиды, айналадағы орта туралы талдау, ой түю әжептеуір жетіледі, табиғат туралы кәдімгідей түйсік таным қалыптасады. Ол енді табиғаттың өзіне тән кейбір құбылыстары мен қасиеттері жайында білетін болады. Ойын мен еңбек әрекеті

ұштаса жүреді. Табиғат құбылыстарының кейбір заңдылықтары, бұл құбылыстардың мерзімді қайталануымен таныстырылады, осының негізінде табиғат құбылыстарын реалистік тұрғыда ұғынуы, білуге құлшынысы, байкап-көре білуі, логикалық ойлауы, табиғатқа эстетикалық тұрғыдан қарау сезімі қалыптаса береді.

Өсімдіктер туралы ұғымдары кеңейтіліп, оның ішінде күнбағысқа т.б. өсімдіктерге тоқтала, оның күнге қарап өсуіне байланысты аталатын және дәнінен май сығып алып, күнделікті өмірде пайдаланатындығын айтып әңгімелеу, олардың сондай-ақ өсуі үшін белгілі бір жағдайлар — топырақ, ылғал, күннің нұры, жылуы керек екені түсіндіріледі. Кейбір жануарлардың өсіп дамуы жөнінде балалардың білімі толықтырылады, құстар жұмыртқалайды, балапан басып шығарады, оларды азықтандырып асырайды және түйе ботасын, сиыр бұзауын, ит күшігін, мысық баласын өз сүтімен асырайтындығы түсіндіріледі. Балалардың жабайы хайуандар (қасқыр, аю, түлкі, қоян, кірпі) олардың тіршілігі,

қорек табу әрекеті жөніндегі ұғымдары кеңейтіледі.

Күзде: Балалардың өлі табиғаттағы, өсімдіктердің құстар мен аңдардың тіршілігіндегі күзгі өзгерістері туралы нақты түсініктерін кеңейту, балаларға бұрыннан таныс кейбір құбылыстар мен ауа райының жағдайы және өсімдіктер мен жануарлар тіршілігі арасындағы байланыстың реттілігін анықтап «күз» ұғымының мәнісін айқындап, қорытындылауға бағыттау. Балалардың жансыз табиғаттағы, құстардың хайуандардың өмірінде бірте-бірте болатын өзгерістер: жапырақтардың түсуі, құстардың жылы жаққа ұшып кетуі жайындағы ұғымдарын бекіту. Күзде егістіктегі көкөністерді жинау, қазып

алу, ауланы тазарту (жапырақтарды жинап бір жерге үю) т. б. жұмыстарға көмектесіп, пайдалы еңбекке араластырылады, әңгімелесулерде күз туралы түсініктері нақтылана толықтырылып бекітіледі, фильмдер көрсетіледі.

Қыста: Балалардың қысқы ауа-райының сипатты белгілері

ағаштардың, ормандағы құстар мен аңдардың тіршілігі туралы білімдерін кеңейту және қорытындылау мақсаты көзделеді. Еңбек дағдыларын қалыптастыру, жанды нәрселерге ұқыптылықпен қарау сезімін тәрбиелеуді жалғастыра беру. Қар жауып тұрған кезде балаларға қара қоңыр қағаз қиындысын беріп, оған қар ұшқынын тосып алып, оны анықтап қарап, соңынан суретін салуды ұсыну, бала қиялын ұштау. Қыс туралы ұғымын толықтыра отырып, күнделікті байқау, кештің ерте түсуі, ай мен жұлдыздардың шығуы, ауа-райы құбылыстарына қардың жаууы, аяз, боранның болуы назар аудару. Қыс қызығын тамашалап, жүздері суықтан бал-бұл жанған балалардың ақ қар, жалтыраған көк мұзда шана, шаңғымен сырғанап ойнап жатқан суреттері бейнеленген суреттер арқылы «Қыс қызығы», «Ортақ шана» атты қимылды ойындарын ойнату. Адамдардың еңбегімен көшені, жолды тазарту, қарды күреу балалардың өз аулаларының қарын тазалауға жәрдемдесулері. Қыс туралы,

суреттер, бақылаулар бойынша әңгімелесу, қыс қызығын тамашалаумен қатар, қыскы табиғатты қорғай білуіне назар аудару.

Көктемде:Табиғаттың көктемгі құбылыстары, олардың себептері туралы, көктемдегі адамдардың еңбегі жайында балалардың білімдерін толықтыру қажет болады. Көктем ұғымын қалыптастыру. Өлі табиғаттағы өзгерістерді күннің ұзаруын, сеңнің жүруін, өсімдіктер дүниесіндегі ағаштар мен бұталардың бүр жаруын, алғашқы жапырақтың шығуын, көктемгі гүлдердің гүлденуін байқау. Жәндіктердің іс-қимылдарын бақылату арқылы балалардың түйсіктерін толықтыру. Құстардың ұшып келуін, ұя салып, балапандарына жем беруін бақылай отырып, қарлығаштың ұясы туралы әңгімелеп беру, құстардың пайдасы, оларды қорғау, қамқорлыққа алу жөнінде әңгімелесу. Мысалы, тоқылдақты ағаштың арасынан құрттарды теріп жейтіндігінен «ағаш дәрігері» аталғаны, ал

қарлығаштың ұшуына қарап, олар шарқ ұрып ойнап, күн нұрына шомылып жүр дейміз, ал шын мәнінде үнемі «жұмыс істеп» құрттарды аулап жүретінін, сондай-ақ тоқылдақ, қарлығаштардың суреті салынған көрнекі құралдарды пайдалана отырып әңгімелеу. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» атты мультфильмді пайдалану. Көктемнің алғашқы гүлі бөйшешекке тоқталу, тақпақ жаттату, бейнелеу жұмысы бойынша суретін салғызу.

Гул жамылған өлкедегі

Бұталар да ән төгеді.

Бөктердегі бәйшешектей,

Көктем неткен көркем еді.

Егіс даласындағы көктемгі жұмыс, гүлзарлардағы балалар еңбегіне тоқталу. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер туралы дидактикалық ойындар ойнату.

Жазда: Жаз мезгіліндегі күннің жарығы мен жылудың әсерінен өсімдіктердің өсіп жетілуі жөніндегі бала ұғымы кеңейіп, жинақталады, жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар мен шөптесін өсімдіктерді айыра білуге үйрету ескеріледі. Адамдардың гүлзарлардағы, егістіктердегі еңбегімен таныстырады, табиғатқа құмарлық, сүйіспеншілік, ұқыпты қарау сезімін тәрбиелейді. Балалар арам шөптерді отап, гүлдердің тұқымын жинауды үйренуі тиіс. Тәрбиеші күнделікті серуен кезінде аспанға назар аударады (бұлтты, бұлтсыз сөздерінің мағынасын түсіндіру). Жаңбырдың жауу кезінде тәрбиеші балаларға оның бұлттан жауатындығын түсіндіреді.

Мысалы:

Ақ мақта әлдеқайда барады ауып,

Жақындап кетсе жерге алар жауып.

№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

«Ата -ана сөзі тәрбие көзі»

«Балдаурен» мектепалды тобы

Тәрбиеші:Нұрқасымова С.Х

Ақтөбе,2024 жыл

«Ата-ана сөзі-тәрбие көзі»

Мақсаты:
а) Ата-ана, баба өсиеттерін білу, олардың мағынасын түсініп керекті жерде қолдану.
б) Ұлттық сана сезімін ояту, тіл байлығын, ой ұшқырлығын, таным белсенділігін имандылығын, шығармашылық қабілетін дамыту.
в) Жылдамдыққа, тапқырлыққа, ұйымшылдыққа, бауырмалшылдыққа тәрбиелеу.
Түрі: Сайыс сабақ
Әдісі: Сұрақ-жауап, ізденіс әдісі.
Көрнекілігі: Суреттер, нақыл сөздер, лампылы қондырғы, түрлі-түсті жапқыштар, шарфтар, интерактивті тақта.
Сабақ барысы.

Кіріспе:
а) ұйымдастыру кезеңі
б) қауіпсіздік техникасы
в) таныстыру, қазылар алқасын сайлау

1-ші бөлім: «Жорға»
2-ші бөлім: «Ол не дегені»
3-ші бөлім: «Ата-баба өсиеттері»
4-ші бөлім: «Мақал-мәтелдің жалғасын тап»
5-ші бөлім: «Ой толғау»
6-шы бөлім: «Қорытынды»

1-жүргізуші. Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, қонақтар, ата-аналар, шәкірттер.
Бүгін біз керемет «Ата-ана сөзі- тәрбие көзі» атты сайысымыздың куәгері боламыз.
2-жүргізуші.«Бала әдеті жасынан тамызықтап жиналады.»
«Бала тәрбиесі жаңұядан басталмақ.»
«Сутпен сіңген мінез сүйекпен кетеді» деген сөз ата-ана тәрбиесінің күштілігін көрсетеді.
1-жүргізуші. Әр отбасында ата-ананың орны бөлек.
Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады.
Ата- ананың әрбі сөзі балаға тамшылап тамады. Сөздің ролі өте зор.
2-жүргізуші.«Бала өмірдің жалғасы, көз қуанышы, шаңырақ иесі» деп ұрпақ тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Ата- ана баласының білімді, мәдениетті, тәртіпті, әдепті болуын қалайды.
1-жүргізуші.Ұлтымызда «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген дана сөз бар. Ал тәрбиенің негізгі көзі ата- бабаларымыз қалдырған ақылды, даналық сөздерінде. Міне осы сөздермен біз тереңірек танысамыз.

2-жүргізуші. Бүгінгі біздің сайысымызға ата- ана- бала болып 5 жұп қатысады. Осы жұптармен танысайық.

1.жасыл жұп

2.сары жұп

3.қызыл жұп

4.көк жұп

5.күлгін жұп.

Ал, әділқазы алқасымен таныстырайық

2- жүргізуші:

Сайысымызды бастамас бұрын электр желілерімен жұмыс істейтіндіктен қауіпсіздік техникасымен таныстырамыз.

1. Ток көзінен алыс жүр
2. Ток желілеріне аттап, абайлап өт.
3. Ток тетікшесін сулы қолмен ұстама.
4. Ток тетікшесін бір қолымен, жылу батареясын, темір заттарды екінші колмен ұстама.
5. Ұқыпты және абай бол!

1-ші бөлім. Бірінші сайысымыз «Жорға»

Тиым сөздер- қазақ халқының тәрбие құралының бірі. Бұл сөздер есі кірген балаларды, жаман әдет жат пиғыл, орынсыз қылық, теріс мінездерден сақтандырып отырған.

Әр топқа 10 тиым сөзден бөлінген.

Тиым сөздің жартысын жүргізуші оқиды, ал соңын оқушы толықтырады.

Әр сұрақ бір ұпайға саналады.

Дастарханды, тамақты баспа.

Малды, ыдысты, тамақты теппе.

Көкті жұлма, шашыңды жұлма.

Үй айнала жүгірме.

Босағаны керме, құшақтама.

Бейіт тұсынан шауып өтпе, жүгіріп өтпе.

Түнде үй сыпырма, түнда тырнағыңды алма.

Тізенді құшақтама.

Жұлдызды, адамды санама.

Адамға пышақ, мылтық кезенбе.

Бос бесікті тербетпе.

Құранды, тамақты баспа.

Жақын адамға пышақ сыйлама.

Тұзды, күлді баспа.

Нанды жерге тастама, үстіне басқа затты қойма.

Бөркінді теріс киме.

Үйде ысқырма.

Үйге жүгіріп кірме.

Айды қолыңмен көрсетпе.

Шелектегі суға аузыңды батырма.
Жалғыз ағашты кеспе.
Пышақтың жүзін жалама.
Пышақты шалқасынан қойма.
Таңдайыңды қақпа, басыңды шайқама.
Кісіге, молаға саусағыңды шошайтпа.
Кісі айыбын бетіне баспа.
Көп сөйлеме.
Адамға, малға зәбір жасама.
Балаңа басқа ұрма.
Түнде суға барма.
Нанды бір қолыңмен үзбе.
Тамақты сораптап ішпе.
Ішегіңді тартпа, табаныңды тартпа.
Дініңді, ұлтыңды, арыңды сатпа.
Құдайға, пайғамбарға, әулиеге тіліңді тигізбе.
Құстың ұясын бұзба.
Құмырсқаның ұясын баспа.
Шақырмаған жерге барма.
Рұқсатсыз үйге кірме.
Жұрт көзінше кекірме, қасынба.
Атқа теріс отырма.
Отты, ошақты аттама.
Дастарханды, ыдысты, тамақты аттама.
Етбетіңнен жатпа.
Кісі төсегіне отырма.
Сол қолмен тамақ ішпе.
Шалбарды басыңа жастама.
Қолыңды артыңа ұстама.
Түнде мал санама.
Түнде күл шығарма.
2-ші бөлім: Ата- аналарға арналады. «Ол не дегені?»
Тиым сөздердің мағынасын түсіндіреді.
Әр ата- анаға 2 сұрақтан(әр сұраққа 1 балдан) Егер ата- ананың жауабы болмаса басқа жұптан тетікті кім бірінші басса сол жауап береді.
1) Үйде ысқырма- мағынасы.
2) Көкті жұлма-
3) Үйге жүгіріп кірме-
4) Тізеңді құшақтама-
5) Нанды бір қолмен үзбе-
6) Пышақтың жүзін жалама-
7) Бөркіңді теріс киме-
8) Баланың желкесін сүймейді-

9) Түнде үй сыпырмайды-
10) Баланын табанын сүймейді-
11) Жас балаға бұғана ұстатпайды-
12) Шәугімнің шүмегін есікке қаратпайды-
13) Қонаққа кетік кесеге шай құймайды-
14) Тамақ ішіп болған соң тұрып кетуге болмайды-
15) Біреудің пышағын ер кескенде құр қайтармайды-
3- бөлім: «Ата-баба өсиеттері»
Әр сайыскер ата- бабаларымыздың өсиет сөздерінен бір-екі шумақты оқу.
Бағалануы (5 ұпай)
3. Аталы сөзден үзінді келтіру.

Білген адам тауып айтады
Білмеген адам қауып айтады.

Демекші өсиет сөздердің тәрбиелік маңызы зор. Әр жұп кезегімен айтады.
Жоғарғы ұпай- 5.
Жанғұтты шешеннің өсиеті:
Бір сөз айтсаң жақсыға,
Аталы соған тоқтайды.
Бір сөз айтсаң жаманға,
Өмірінде ұқпайды.
Ндандықтың белгісі
Өзі- өзі мақтайды.
Көкірегі соқырға
Өмірде тау атпайды
Шешеннің сөзі- шын асыл
Қап түбінде жатпайды.
Торайғыр шешеннің айтқаны
Бақытты адам қаласа,
Қар үстінде от жанар.
Бақытсыз адам қаласа,
Құрғақ үйден су тамар.
Жақсы туған баланың,
Атасы жаман болса да,
Төрде отырып сый табар.
Жаман туған баланың,
Атасы жақсы болса да,
Түйе үстінен ит қабар.
Шауыпкелді шешеннің айтқаны.
Батбағы бар көлдерден
Су ішітін сай артық.
Қамшылайтын шабаннан
Өзі жүрген тай артық.
Ас болмайтын арықтан

Достың берген наны артық.
Жаманмен жолдас болғанша,
Аулақ жүрген көп артық.
Әділ бидің кегі жоқ
Білімді туған жігіттің
Әділ биден кемі жоқ.
Торайғыр шешеннің айтқаны.
Жақсы кісі ақылменен тәуір болады.
Мінезі қорғасындай ауыл боланы,
Құлағы өсекті естімейтін сауыр болады,
Кедейдің жалғыз керіндей
Құйрығы шолақ, арқасы жауыр болады.
Абыз шешеннің айтқаны:
Ата- ананың қадірін
Балалы болғанда білерсің.
Ағайынның қадірін
Жалалы болғанда білерсің.
Балалықтың қадірін
Саналы болғанда білерсің.
Асыл менен жақұтты
Бағылы болғанда білерсің.
Денсаулықтың қадірін
Ауырғанда білерсің.
Ақ бетіннін қадірін
Қан кеткенде білерсің.
4-ші бөлім: «Мақал- мәтелдің жалғасын тап» Ата- аналарға арналады.
Мақал- келелі ой, кең мазмұнды бір-ақ ауыз сөзбен қорытынды жасаудың тамаша үлгісі.
Шарты: мақал- мәтелдің бірінші жартысын жүргізуші айтады, ал екінші жартысын ата- ана жалғастырады. Кім бірінші тетікті басса, сол кісі жауап береді. Әр дұрыс жауап- 1 ұпай.
Ақыл- тозбайтын тон,
Білім- таусылмайтын кен.
2) Еңбектің наны тәтті,
Жалқаудың жаны тәтті.
3) Коп жасаған білмейді.
Копті корген біледі.
4) Ата көрген оқ жонар,
Ана көрген тон пішер.
5) Білекті бірді жығады
Білімді мыңды жығады.
6) Абысын тату болса- ас көп,
Ағайын тату болса- ат көп.

7) Сиыр сауып ішсең мың күндік,
Сойып жесең бір күндік.
8) Айран ішкен құтылады,
Шелек жалаған тұтылады.
9) Піскен асқа жеуші көп.
Біткен іске сыншы көп.
10) Ащының дәмін татқан білер,
Алыстың дәмін жортқан білер.
11)Тісі шыққан балаға,
Шайнап берген ас болмас.
12) Шешесін көріп қызын ал,
Аяғын көріп асын іш.
5-ші бөлім: «Ой толғау»
Сурет бойынша өз ойларын айтып,5 түрлі суретті сөйлету.
Ең жоғарғы ұпай- 10.
6-шы бөлім: Қорытынды.
Әділ қазылар қорытынды бағаларын шығарғанша, Аффирмациялық тілектер жазылған парақты әр ата-ана өз баласына тасырады .
«Жаман әдеттен жирен,жақсы әдептен жирен»- дейді халық. Осы айтылған маңызды сөздерді еске алып, қолдана білейік.
Жеңімпаздар анықталады.
марапаттау.
Қорытындылай келе Бала саналықтың сипатын ол өмірге келген күннен бастап өз отбасында бойына сіңіреді. Кейіннен мектеп, қоршаған орта және қоғамдағы болып жатқан әр түрлі жағдайлардың әсерімен қалыптасады. Өмірге келген жас нәресте өзін қоршаған ортамен, ең алдымен отбасында танысады. Мұхтар Арынның сөзіне сүйенсек: «Қалай десек те, ең мықты табиғи мектеп –отбасы. Осында қалыптасқан барлық жақсы қасиеттер өмір бойына серік болады. Отбасынан кеткен қателікті ешбір мектеп түзетіп бере алмайды...»

№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

Баяндама

«Балалардың мектепке дайындығы»

«Балдаурен» мектепалды тобы

Тәрбиеші:Нұрқасымова С.Х

Ақтөбе,2024 жыл

«Балалардың мектепке дайындығы»

Атақты балалар психологы Леонид Абрамович Венгер: «Мектепке дайын болу-бұл оқу, жазу және санауды білу дегенді ғана білдірмейді. Мектепке дайын болу-осының бәрін білуге дайын болу», – деген екен. Баланың мектепке дайындығы дегеніміз- бұл кешенді, көп жақты және бала өмірінің түгел аумағын қамтитын үрдіс. Мектепте оқуға психологиялық дайындық- оқыту үрдісі барысында сыныптасымен, мұғаліммен қарым-қатынас жасап, оқу бағдарламасын меңгеру үшін психологиялық қажетті деңгей.

Мектепке психологиялық дайындық -бүкіл мектепке дейінгі өмір. Сондықтан да, мектепке баланы жүйелі түрде дайындай отырып сіз болашақ бірінші сынып оқушысына тыныш және қуанышты жаңа әлемге кіруге көмектесе аласыз. Мектепке психологиялық дайындық балаларда өздігінен емес, біртіндеп қалыптасады : ойын арқылы, еңбек арқылы, достарымен қарым-қатынас арқылы, тікелей білім беру арқылы.

Балалардың мектепке дайындығы - бұл балалардың таным үрдістерінің даму деңгейін, эмоциясын, дағдылары мен басқа да ерекшеліктерін қарастыратын тұтас кешенді түсінік. Баланы мектепке психологиялық тұрғыда дайындау тек мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері емес, ата-аналар мен бастауыш сынып мұғалімдерінің, мектеп психологының бірлесіп жұмыс істеуінің нәтижесінде жетістікке жететін әрекеті болып табылады. Баланың мектепке психологиялык дайындық мәселесі балалардың негізгі іс-әрекетінің, яғни сюжеттік-рөлдік ойындарының оқу әрекеті болып ауысуымен байланысты. Бұл мәселе өзекті әрі маңызды, бірақ оқу әрекеті мектепке психологиялық дайындық мәселесін тұтастай қамтымайды. Баланың мектепке дайындығы балалардың бір-бірімен байланысты жеке қасиеттері мен мотивация, таным процестерінің, ерік қасиетінің дамуымен байланысты тұтас жүйеден тұрады. Мектепте білім алуға дайын баланың мектепке келу себебі, адамдардың қоғамдағы орнын, үлкендер әлеміне жол ашатын және танымдық кызығушылығының белсенділігін үй жағдайында канағаттандыра алмағандықтан мектепке келгісі келеді. Баланың мектепке психологиялық дайындығының көрсеткіштері баланың ақыл- ойының дамуымен тығыз байланысты. Мектепке келу үшін балада сөздік қорының, танымдық белсенділігінің, бейнелік және кеңістіктегі заттар туралы кең мағлұмат болуы қажет. Бала мектепке бару алдында айналасындағы заттарды ажыратып, салыстырып, ұқсастығын, айырмашылығын бөліп, себептерін тауып, тұжырым жасай білуі керек. Бала жақсы оқу үшін өзін қызықтыратын заттарды ажырата білуі керек. Баланың логикалық ойлау деңгейі және ақыл ой сөздік қордың дамуымен тығыз байланысты. Бала сөздерден дыбыстарды ажырата білулері керек, яғни фонетикалық есту қабілеттері болуы керек. Баланың

ақыл-ой дайындығының мазмұнына тек қана сөздік қор, ой- өріс, арнайы қабілет қана жатпайды, сонымен қатар таным процестері де жатады. Сонымен қатар ақыл-ой дайындығы негізгі таным процестерін қиял, қабылдау, зейін, ес, ойлау және сөйлеу процестерінің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Балалардың барлық таным процестері жүйелі тәжірибе әрекеті кезінде міндетті түрде заттардың сыртқы және ішкі символдық-таңбалық жүйесін дұрыс пайдалана алатындай деңгейде дамуы керек. Мектепке бару баланың ақыл-ойының дайындығы мен ойлау процесімен де тығыз байланысты. Бірінші сыныпқа қабылданған балалардың көбі мектепке бейімделу кезеңіндегі қиындықтарға тап келетіні мәлім. Ол жаңа ұжымға, жаңа талаптарға, күнделікті міндеттерге бейімделуге байланысты. Әсіресе, оқушы рөліне дайын емес балалар көптеген қиыншылықтарды кешіреді, олар үшін мектепке бейімделу үдерісі психологиялық жарақатқа ұласуы мүмкін. Бастауыш мектеп жасындағы оқушы өз күйзелістерін жеткілікті дәрежеде ұғына алмайды, ол күйзелістің туындауына себепкер болған факторларды да түсінуге қабілетсіз келеді. Бірінші сыныптың оқушысы мектептегі қиындықтарға эмоциялық тұрғыда - мазасыздықпен, қорқынышпен, ренішпен, ашумен жауап береді. Сол себепті бірінші сыныптағы оқушылардың жаңа өмірге бейімделуінің күрделі кезеңінде оларға психологиялық көмек пен қолдаудың көрсетілуі аса маңызды. Осыдан балаға дер кезінде және сауатты тиімді көмек көрсету үшін оның қиындықтарына, күйзелістеріне баса назар аудару қажеттігі туындайды. Әрбір баланың өзін қаншалықты үйлесімді, эмоциялы жағымды сезінуіне қарай, оның мектепке, өз-өзіне, айналасындағы адамдарға қатынасы, сондай-ақ мектептегі жетістіктері де байланысты болады. Осы орайда мектеп табалдырығын енді аттағалы тұрған бірінші сынып оқушысына мұғалім мен ата-аналар тарапынан психологиялық қолдау көрсету, оның мектеп өміріне біртіндеп бейімделуіне жағымды ықпал етеді. Психологиялық қолдау - баланың өзін-өзі бағалауын нығайту мақсатында оның жағымды артықшылықтары мен қырлары шоғырланатын, баланың өз қабілеттеріне сенім арта алатын, баланың қателіктерді болдырмауына көмектесетін, баланы сәтсіздіктерде қолдайтын үдеріс болып табылады. Психологиялық колдау үдерісінде ересектер балаға педагогикалық тұрғыдан ықпал етудің едәуір жағымды әдіс-тәсілдерін қолданып, онымен қарым-қатынастың және өзара әрекеттестіктің үйреншікті үлгісін өлшейді, оның айналасында жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру жағдайын жасайды. Ол ересектердің бала қылықтарының жағымды ерекшеліктеріне назар аударып, баланың эмоциялы аумағына ықпал етіп, оның жағымды күйзелістері мен күйлерін бекітіп, оның әрекеттерін мақұлдайды.

Баланың мектепке психологиялық дайындығының төмендегідей ең маңызды үш сипаттамасы бар: оқуға деген ықылас; өз мінез-құлқын басқару қабілеті; өзінің интеллектуалды процестерін басқару мүмкіндігі. Баланы мектепке

жақсы дайындау және мектепте оңай бейімделу факторлары: физикалық денсаулық. Дамыған интеллект. Сыныптастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасай білу. Берілген тапсырманы, жұмысты жүйелі жасау қабілеті. Санау және оқу мүмкіндігі. Ұқыптылық және тәртіптілік.

Жақсы есте сақтау және назар аудару. Бастама, ерік-жігер және өз бетінше әрекет ету қабілеті. Мектепке психологиялық дайындықтың құрылымы келесідей: физиологиялық; зияткерлік; әлеуметтік; эмоционалды. Физиологиялық дайындық -күн тәртібін қатаң сақтау, денсаулық жағдайының қалыпты дамуы тағы басқа. Зияткерлік дайындық -зейін қоюға қабілеттілік, логикалық байланыстар құра білу, есте сақтау қабілетін дамыту, ұсақ қол моторикасы, білуге, жаңалыққа құштарлық және тағы да басқа.

Мектепке зияткерлік дайындық балада белгілі бір дағдыларды қалыптастыруды да қамтиды. Мысалы, оқу тапсырмасын бөлектеу мүмкіндігі. Бұл баладан заттардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарының себептерін, олардың жаңа қасиеттерін таңдануды және іздеуді талап етеді. Әлеуметтік дайындық-басқа балалармен, мұғаліммен қарым – қатынас жасай алатын сапалардың болуы, мінездің жаңа сапалық деңгейге көтерілуі, әрекетке іштей талдау жасау.

Эмоционалды дайындық – оқуға ынталандыру, зейін қою қабілеті, эмоцияларды басқару, қызығушылығының қалыптасуына қарай өзінің мінез – құлқын, танымдық іс-әрекетін басқара алуы, оқуға деген құлшынысының пайда болуы және эмоциялық жай – күйінің көтеріңкі деңгейде болуы. Зейін, ес, ойлау, қиял, ұсақ қол моторикасын дамытумен қатар, баланың бойында әлеуметтік дағдыны қалыптастыру да маңызды

Мектеп – бұл ең алдымен әлеуметтену жүйесі. Және ол арнайы тәртіптік жүйеге негізделген. Сабақ-өзіндік ережелері мен заңдылықтары бар оқытуды ұйымдастыру формасының бір түрі. Тіпті ең мейірімді оқу ортасында бала «болмайды» деген сөзді білмесе, сәтті оқи алмайды. Ол басқалардың шектеулерін қабылдай білуі керек және өзін шектей білуі керек. Егер ол жақсы оқыса, бірақ аяқ киімінің бауын байлай алмайтын, портфельді дұрыс жинай алмайтын болса, ол да мектепке үйренуін қиындатады.

Мектепке дайын болу үшін баламен қандай жұмыс істеу керек? Ең алдымен, оның денсаулығына қамқорлық жасау керек. Жүзу, серуендеу, велосипед-бұл болашақ мектеп өміріне сәтті кіруге ықпал ететін іс-шаралар. Баланың ерікті қасиеттерін дамыту маңызды. Ол үшін балаға кез-келген бастаған істі аяғына дейін аяқтауды үйрету керек. Дамудың ең

маңызды тәсілі (сөйлеуге, зейін аударуға, қарым – қатынасқа, есте сақтауға, қиялға және тағы басқаларға қатысты) – балаға кітап оқу. Балаларға күніне кемінде жарты сағат ертегілерді оқу (немесе айту) керек.

Пайдалы сабақтар жүргізу керек. Олар бала қиялын, өзіндік тапқырлық: сурет салу, мүсіндеу, құрастыру сияқты дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Ата-аналарға баланың дайындық деңгейін өз бетінше анықтауға көмектесетін критерийлерге тоқтала кетейін. Төмендегі әр критерийдің сұрақтарына жауап бере отырып балаңыздың мектепке қаншалықты дайын екенін анықтауыңызға болады. Танымның дамуын бағалау: Балада негізгі түсініктері бар ма: оң-сол, үлкен-кіші және тағы басқа?

Бала тілінің дамуын бағалау. Бала айналасындағы негізгі заттарды атай және белгілей ала ма? Балаға ересектердің сұрақтарына жауап беру оңай ма? Бала әртүрлі заттардың не үшін қызмет ететінін түсіндіре ала ма: шаңсорғыш, тоңазытқыш, үстел және тағы басқа?

Бала қандай да бір заттардың қайда орналасқанын түсіндіре ала ма: үстелде, орындықта, еденде, қабырғада және тағы басқа? Бала белгілі бір оқиғаны әңгімелеп айта ала ма? Бала сөздерді анық айта ма? Бала жалпы әңгімеге қатыса ала ма, қандай да бір рөлді ойнай ала ма? Эмоционалды даму деңгейін бағалау: Бала көбінесе көңілді жүреді ме? (үйде және достарының арасында). Балада көп нәрсені істей алатын адам ретінде өзіндік бейнесі қалыптасты ма? Бала өз бетінше жұмыс істей алады ма, басқа балалармен тапсырмаларды орындауда бәсекелесе алады ма?

Қарым-қатынас жасай білуін бағалау: Балаңыз басқа балалардың ойынына қосылып, олармен жақсы араласып кете ме? Балалармен ойнау барысында ұйымшыл ма? Достарына жиі ренжиді ме? Өзге адамдарды бөлмей тыңдай алады ма? Физикалық дамуды бағалау.: Бала жақсы ести ме? Жақсы көреді ме? Біраз уақыт тыныш отыра ала ма? Баланың моторикасы дамыған ба, мысалы, ол доп ойнап, секіре, төмен түсіп, баспалдаққа көтеріле алады ма? Бала көңілді және ынталы көрінеді ме?

Төмендегідей көрнекі айырмашылықтарға да аса мән берген абзал: Бала ұқсас және ұқсас емес нысандарды анықтай ала ма? Мысалы, басқаларға ұқсамайтын суретті табыңыз? Бала әріптер мен қысқа сөздерді ажырата ала ма, мысалы б-п, көл-шөл? Егер балаға алдымен үш суретті көрсетіп, содан кейін біреуін алып тастаса, жоқ суретті байқай алады ма? Бала өз есімін және күнделікті өмірде кездесетін заттардың кем дегенде алты-сегіз атауын біле ме? Есту қабілетінің деңгейі: Бала әртүрлі дыбыстардан басталатын сөздерді ажырата ала ма? Мысалы: доп-көп. Бала ересек адам айтқан бірнеше сөз немесе санды қайталай алады ма?

Бала негізгі ой мен әрекеттер тізбегін сақтай отырып, әңгімені қайталай ала ма? Кітаптарға деген көзқарасты бағалау. Баланың өздігінен кітаптарды көруге, оқуға деген қызығушылығы болады ма? Сіз оған дауыстап оқығанда мұқият және қызығып тыңдайды ма? Бала кітапта түсінбеген сөздер туралы, ол қандай мағынаны білдіреді деген сияқты сұрақтар қояды ма? Жалпы және психологиялық дайындық. Сіздің балаңыз: нені қалайтынын саусақпен көрсетіп емес, сөзбен түсіндіре ала ма? оқып берген ертегі, болмаса әңгімелердің мағынасын түсінеді ме? өз есімін нақты атайды ма?

Мекен-жайы және телефон нөмірін есте сақтай алады ма? қарындашпен сурет мсалып, қаламмен жазу жаза алады ма? бояулармен, ермексазбен, түрлі-түсті қарындаштармен, фломастермен жұмыс істей алады ма? өткір ұштары бар қайшылармен біркелкі және зақымдап алмай кесе алады ма? нұсқауларды тыңдау арқылы тапсырманы орындай алады ма? біреу онымен сөйлескенде мұқият тыңдайды ма? Берілген тапсырманы орындау үшін кем дегенде он минутқа назар аударады ма?

Оны қоршаған заттар туралы көбірек білгісі келіп, қызығушылық танытады ма? Басқа балалармен тез тіл табыса алады ма? Психологиялық тұрғыда мектепке дайын бала. Танымдық себептерге байланысты мектепке баруға деген құлшыныс (оқу ға деген қызығушылық); Жүріс-тұрісі мен іс-әрекетін, эмоцисын өзі басқара алады; Ұлкендермен, кішілермен, құрдастарымен қарым-ұатынасқа дайын; Ойлау қабілеті жоғары, белгілі бір білімге те, негізгі заңдылықтарды түсінеді.

Психологиялық тұрғыда мектепке дайын емес бала: Оқу мәселесі жөнінде үлкендермен, сыныптастарымен сөйлесіп кетуі қиын; Тапсырмаларды орындауда қалыс қалып қояды; Сабақта зейіні тұрақсыз, жиі аландап отыр; Сыныппен бірге бірдей тапсырманы орындауға кірісіп кетпейді, қинала; Жауап беруге, тақтаға шығуға ықыласы жоқ. Бәрінен бұрын, оқудың бірінші жылында бала қолдауды қажет етеді. Ол сыныптастарымен және мұғалімдерімен қарым-қатынасын қалыптастырып қана қоймайды, сонымен бірге біреу онымен дос болғысы келетінін, ал біреу дос болғысы келмейтінін түсінеді.

«Мотивациалық дайындық» А.Л. Венгер – баланың ішкі жай-күйін анықтау диагностикасы. «Кезектестірілген суреттер» – сөздік-логикалық ойлау қабілетінің диагностикасы. «Графикалық диктант»-ұсақ қол моторикасының дамуына, тор көзбен жұмыс істеу дағдысын дамытуға, нұсқаулықты ести отырып орындауға негізделген. "Бендер тесті» – көру және моторикалық координацияны зерттеу. «Розенцвейг тесті» – жеке ерекшеліктері мен сапалық қасиеттерін зерттеу (қарым-қатынас қабілетін анықтауға арналған тест).

«Баспалдақ» – баланың өзін-өзі бағалау деңгейін зерттеу. Мектепке дайындық мақсатында мен қосымша жүргізетін жаңа технологияға негізделген ойындар мен әдістемелер: «Сиқырлы сегіздік» ойыны – сандармен жұмыс жасауға негізделген; «Таңғажайып таңбалар» – баланың логикасын, қиялын дамытуға негізделген, нұсқаулыққа сүйене отырып түрлі фигураларды құрастыруға арналған. «Игровизор»- математикалық есептерді шешудің тиімді жолдарын үйренуге және дәптермен дұрыс жұмыс жасауға үйретеді;

«Құм терапиясы» – баланың ойлауын, қиялын, кеңістікте бағдарлануын, қиялын, қабылдауын, ұсақ қол моторикасын дамытуға ықпал етеді. «Баумен жұмыс»- әріптерді білуге, өз бетінше сөздер құрастыруға негізделген. Ұсақ қол моторикасы, зейіні, ойлау қабілетінің дамуына әсер етеді; «Сиқырлы шаршы» әдістемесі, «Түстерді жасырамыз» ойыны – түстерді, геометриялық фигураларды дұрыс білуге үйретеді. Сондай-ақ, есте сақтау қабілетінің, қиялының, қол моторикасының дамуына оң әсерін тигізеді. балабақшада Зайцев әдістемесі бойынша мектепке даярлық топтарында оқу.

Осы тұста ата-ана тарапынан жіберілетін қателіктер: 1-қателік- ата-ананың «Мектепте барлық нәрсені үйретуге тиіс,баланың миын ашытудың қажеті жоқ» деген көзқарасы. Ия, әрине үйренеді бірақ қандай қиындықпен. Өйткені қалған құрбыларының деңгейінен төмен болса баланың өзіндік бағасы да төмен болады. Қарапайым әріптерді тануы, сандарды тануы, қарындашты ұстай білуі деген дағдылары болмаса балаға құрбыларын қуып жетуіне тер төгуі керек болады.

2- қателік- ата-ананың «Мектепке дайындауда біздің қолымыздан ештеңе келмейді, ол тек педагогтардың ғана қолынан келеді»- деген көзқарасы. Негізінде үй жағдайында өз анасының баламен түрлі ойын жаттығуларын жасауы көп көмегін тигізеді. Тек қандай әрекет жасау керек екендігі туралы аздап ақылдасып, соған уақыт табылса болғаны. 3-қателік- соңғы уақытқа дейін жүріп аз ғана қалғанда баланы жұлқылап, күндіз түні демалыссыз үйрете бастау әрекеті.

4-қателік – өз баласының қабілетін ескермеуі. Баланың қабілетімен санаспай жүктемелер қойып,талап етуі. Тым жоғарғы талаптар қою. 5-қателік- мектеппен қорқытып үркіту арқылы тәрбиелеу. Ата-аналарға кеңес: баланың оқушы болуға ұмтылысын қолдаңыз; баланың қателік жасауға құқы бар; бірінші сынып оқушысымен бірге күн тәртібін жасаңыз, оны орындауын қадағалаңыз; оқу машықтарын меңгерудің бастапқы кезеңінде байқалатын кемшіліктерді елеусіз қалдырмаңыз. Балада, мысалы, тіл кемістігін байқасаңыз, оқудың бірінші жылында-ақ қолға алыңыз.

№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

Баяндама

« Ата-ана сөзі – тәрбие көзі »

«Балақай» мектепалды тобы

Тәрбиешілер:Койшина А.К

Ильясова М.У

Ақтөбе,2024 жыл

«Ата-ананың сөзі-тәрбие көзі»

Ата-ананың ақылы, Бұтақсыз қара жолмен тең.

Жақсылардың ақылы, Гауһар шырақ шаммен тең.

Басқа өркениетті елдермен тереземіз тең болу үшін терең мағыналы, кең ауқымды «Ел болам десең , бесігінді түзе» деген мақал тегін айтылмағаны жөнінде ойланған артық емес. Егеменді елдің ертеңгі –оқу –біліммен өнегелі тәрбиемен өлшенеді.

Бүгінде еліміздің балабақшаларында тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндердің арасында болашақ небір майталман өнерпаздар, әншілер, жазушылар, бір сөзбен айтқанда тала-талай мамандық иелері шығуы әбден ықтимал.

«Бұлақ көрсең –көзін аш»- демекші солардың бойындағы әлі бүршік жармаған небір адам қассиеттерін ерте бастап байқап, жақсы нышыандарға баулу ең алдымен ата-аналар мен тәрбиешілердің сезімталдығы мен ізденпаздылығына көп байланысты.

Кез келген ата-ана ең алдымен баласын жақсы тәлім- тәрбие көрсететін, балабақшаға, тәрбиешіге апарғысы келеді. Халқымыз «жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» демей ме? Қазақ халқы- мәдени бай мұрасы, өзіне біткен табиғи ерекшелігі бар, сергек ой, сезімтал жүрек, дәстүрлі тәрбие, әдіс-тәсілдері бар халық. Халықты сүй, халық үшін ерлік еңбек ет, ел-жұртқа қорған бол деушілік, қазіргі күнде ескірген сөздер емес, қайта мағыналы , мәнді сөздер. Біз өзіміз ата-аналар кішкенетай сәбилеріміз деп күнделікті тұрмыста, отбасында мәдениетті сөйлеп, мәдениетті мінез-құлық көрсете білсек. Міне сонда жас сәбилеріміздің балабақшадағы тәрбие жұмыстарына өте үлкен үлесімізді көрсету керек. Себебі не нәрсе отбасынан басталып, бала бақша, мектеп, көпшілік орындарымен жалғасады.

Жас ұрпақты тәрбиелеу баршамыздың міндетіміз. Балалардың мінезқұлқына қатаң тәртіп орнату, бала бақшамен отбасы талаптарының бір тұтас болуына байланысты. Тәрбиелі бала өсіргісі келген әрбір адам оның адамгершілік жағына көбірек көңіл аударғаны дұрыс. Өткені, тәрбие отбасынан басталады Отбасы – адамзат бесігін тербеткен баланың бас ұстазы – ата – ана. Ұлтымызда «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген дана сөз бар. Әр отбасында ата –ананын орны бөлек. Бала әкеден – ақыл, анадан – мейірім алады. Әке отбасының асыраушысы, қамқоршысы, тірегі деп білесін, Ана – отбасының ұйытқысы, тірегі, жылуы, шуағы. Жақсы ана отбасына береке әкеліп, жанұясын бақытқа бөлейді.

Отбасы – шағын әлеуметтік топ, бала үшін өмір мектебі. Бала тәрбиесіне отбасының әсер ету жақтарын сөз еткенде оны үш топқа бөліп қарастыруға болады:

Отбасы топтар:

1 – топ: Баланы қалай тәрбиелей біледі және дәл солай тәрбиелейді. Олар көп емес, алайда, өздерінінің сапалы өмірі мен сапалы іс – әрекетін тек өз балаларына ғана тәрбие беріп қоймай, мектептегі қоғамдық жұмыстарға қолғабыс етіп басқа ата – аналараға үлгі көрсетеді.

2 – топ: Өз балаларына өнегелі тәрбие бергісі келеді,бірақ қалай тәрбиелеу керек екенін білмейді. Олар білмегендіктен балаларына кері әсері етуі мүмкін.

3 –топ: Балаларды тәрбиелеудің жолдарын білмейді, білгісі де келмейді. Соншалықты көп болмағанымен «қиын» балаларды беретін отбасылар.

Атақты физиолог И. Павлов «Әрбір баланың мінез құлқы отбасы мен ата – анасының жағымды іс – әрекетінен үлгі алу барысында қалыптасады» деп тұжырымдайды.

Отбасындағы бала тәрбиесі туған, өскен ортаға, ата – анаға, үлкендерге , олардың үлгісіне байланысты. Мысалы: «Жібекті түте алмаған жүн етеді, баланы күте алмаған құл етеді», «Бала айналасына қарап өседі» - дейді халқымыз. Асырау мен тәрбие беру екі түрлі мәселе. Егер бала бірдеңе айтқысы келсе, қарсы болмай тыңдау керек.Егер бала ренжіп отырса, онда себебін өзі айтқанша асықпаныз. Бала мектептен келгенде бірден сұрақтар қойып қарсы алмау керек. Балаға мектепке барар алдында сенімділік пен сәттілік тілеу керек.

Балалар өте байқағыш, еліктегіш, әр нәрсеге үңіле қарайды, көп нәрселер оларды ойлантады. Балалар әдетте өзіне түсініксіз оқиғалардың, құбылыстардың сырын білуге құмартады. Күн сайын олардың алдында жаңа сұрақтар туады. Сол сұрақтың жауабын олар ересектерден күтеді, өйткені, олардың түсінігінше, ересектердің білмейтіні болмайды. Мұндай ерекше сұрақтар балалардың ақыл-ой еңбегімен шұғылданудағы ниетін, ықыласын сипаттайды. Сондықтан ересек адамдар бала сұрағын жауапсыз қалдырмауға тырысқан жөн. Себебі сұрағына жауап ала алмаған бала келешекте сұрақ қоюдан жасқаншақтайды және бұл баланы дүниені тануына кері әсер етуі әбден мүмкін. Адамға көбінесе үш алуан мінез адамнан жұғады.

«Бірінші – ата – ана, екінші – ұстазыннан, үшінші – құрбысынан» деп ойшыл Абайда өте дұрыс айтқан. Бала тәрбиелеуде отбасылық жақсы дәстүрлер қалыптастыру- ата-ананың бала тәрбиесіндегі қажетті құралы. Отбасы мүшелерінің туған күндерін жақсы істермен атап өту, бірлесіп еңбек ету, үй шаруаларын атқару жөнінде күнделікті ақылдасып отыру, сабақ даярлауға көмектесу секілді істер баланың жақсы азамат болып өсуіне, салауатты өмір сүруге жетелейді. Барлық ата-ананың мақсаты- балаларын үлкен азамат етіп тәрбиелеу. Осы істе табысқа жету үшін баланы өз ісіне есеп беруге, заңды сыйлауға, өз құқығын қорғай білуге, соңында өзін-өзі тәрбиелей білуге үйретуіміз керек. Осындай мақсатты өмірлік ісі деп түсінетін ата-аналар балаларын қоршаған ортамен, айналадағы қоғамдық құбылыстармен, тарихпен, әдеби жаңалықтармен таныстырып, ерінбей еңбек етуге үйретіп, сыпайы қарым-қатынас жасап, күнделікті өмірінде дос, сырлас бола біледі.

№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

Баяндама

«Тәрбие және бала тұлғасы»

«Балақай»мектепалды тобы

Тәрбиешілер:Койшина А.К

Ильясова М.У

Ақтөбе,2024 жыл

«Тәрбие және бала тұлғасы»

Бүгінгі күннің талабы – білімді ұрпақ тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының Конституциясында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата - ананың табиғи құқығы әрі парызы» деп отбасының міндеті анық көрсетілген. «Қазақстан - 2030» бағдарламасында балаларымызды алыс болашақта қандай сапада көруіміз керектігі туралы айтылған. Сонымен бірге «Отбасы туралы Заң»,»Жоғары және орта білім тұжырымдамасында» әрбір отбасында өзінің ұрпағын тәрбиелеп, қатарға қосу міндеті жүктелген. Сөйтіп, отбасының әуел бастан - ақ өзіне тән киелі міндетін орындау қажеттілігі бекемделе түсті.

Отбасының аса маңызды әлеуметтік қызметтері - азамат тәрбиелеу, патриот қалыптастыру, болашақ жанұя игерген кемелдендіру және мемлекет заңдарын мойындап, құқықтарын сауатты пайдалана білетін қоғам мүшесін жетілдіру.

Ұзақ жылдар бойы отбасы тәрбиесі баланы тәрбиелеудің бірден-бір формасы болып келді. Қазіргі қоғамдағы отбасы баланың шыр етіп дүниеге келген күнінен бастап өмірінің соңына дейін тәрбиелік ықпал жасайтын негізгі ошақ болып отыр.

Қоғамдық фактор. Бұл қоғамда болып жатқан өзгерістер мен сұраныстардың отбасына тигізетін әсері. Отбасындағы өмір сүру салты мен қабылдаған дәстүрлердің қоғам талабы мен белгілі бір мөлшерде сәйкес келуі болып табылады.

Әлеуметтік фактор. Бұл қоғам талабына сай өмір сүруде материалдық жағдайдың мүмкіндіктері адам денсаулығының күйімен жеке басты даму құралдарының жеткіліктігі және т.б. жағдайлар болып табылады.

Психологиялық фактор. Отбасында бала тәрбиесі үшін қолайлы психологиялық ахуалдың болуы, ондағы әрбір отбасы мүшелерінің өзіне және өзгелерге деген екпінді көзқарасы мен ынтымақты қарым -қатынастың болуы.

Педагогикалық фактор. Балалардың жас және дара, психологиялық, қалыптасу ерекшеліктері туралы ата- аналардың жалпы педагогикалық білімдерінің болуы.

Отбасында басты мәселелердің бірі - баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру. Бұған баланың күн ырғағы, міндеттері, қойылатын талаптар, оның үй еңбегіне қатысуы, оқу-әрекеті, бос уақытын ұйымдастыру жатады. Режим – баланы жинақылыққа, елгезектікке, дәлдікке, мұқияттылыққа үйретеді, еңбек қабілетін жақсартады. Өз баласының ертеңгі күні үлгілі, өнегелі, тәрбиелі, достары мен тәрбиешілері, ұстаздары алдында беделді, мәдениетті бала, әрі азамат болып қалыптасуы үшін ата-аналарға оған ерекше назар аударып, баланың күн режимін нақты, дәл жасап беруі қажет. Баланың келешекте адал да, тәрбиелі болып өсуі ата-анаға тікелей байланысты. Міне, баланың бос уақыты дегенге ата аналар міндетті түрде назар аударуы қажет. Себебі, бұл өте өзекті мәселе. Балабақшада бала 10-12 сағат болса, бір тәуліктің қалған уақытында ол үйде, яғни, ата-анасымен бірге болады. Сол кезден баланың бос уақыты қалай өтеді, немен шұғылданады, соны қадағалау керек, әрі бала нені қызықтайды, нені білгісі келеді. Баланың сұрағы жауапсыз қалмау керек. Білгісі келген нәрселерді қарапайым тілде түсіндіріп беру керек.Бала сіздің әрбір қимылыңызды, бет әлпетіңіздегі өзгерістерді, дауыс ырғағыңызды қалтқысыз қадағалап отыратындығын есіңізден шығармағаныңыз абзал. Мысалы, балаға әңгіме, ертегі оқыған кезде мазмұнына сәйкес дауыс ырғағын келтіріп оқысаңыз, бала ұйып тыңдайды.

Отбасындағы баланың әке-шеше тәрбиесіне дұрыс бағынып, есейгенде дені дұрыс жақсы азамат болып, үлкенге кішіпейіл, кішіге қамқоршы болуы, әке-шешеден және отбасындағы басқа да үлкендер тарапынан тәрбие алғандығы. Абай атамыз: « Бала неғұрлым көп естіп, көп көрсе, солғұрлым көп біледі» деген екен. «Көз көруге тоймайды, құлақ естуге тоймайды», «Көрмегенге көсеу таң» демекші, балаларды баласынып ештеңе айтпаса, бала өз білгенін істейді.Отбасы, барлық уақытта да, өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешуде үлкен мүмкіндіктерге ие болған. Қазіргі заманғы отбасының өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешудегі ерекшелігі – ата-ананың білім және жалпы мәдени деңгейінің жоғары болуы.

Балалардың отбасындағы тәрбиесі оның белгілі бір тұрақты әлеуметтік институт ретінде анықталады. Ол отбасы мүшелері арасындағы өзара қатынастардың қалыптасуы мен дамуына септігін тигізетін адамдардың жақындығы, туыстық қатынастар, өзара үйелмендік, тұрмыстық өмір. Отбасы тәрбиесінің артықшылығы да осы қатынастарда, оны тәрбиенің ешкандай да түрі алмастыра алмайды.

Ата-аналардың білім деңгейіне байланысты да отбасында ерекшеліктер орын алады. Мысалы: ата-аналардың білімі жоғары болған сайын олардың балалары мектепте жақсы оқиды. Қазіргі ата-аналар жұмыс басты болғандықтан бала тәрбиесі көбінесе білімі төмен ата мен әжелерге жүктеледі.Қоғамда жүріп жатқан тұрғындардың материалдық жағдайға байланысты жіктелуі отбасы тәрбиесіне материалдық жағдайы әртүрлі ата-аналардың қарым- қатынасына әсер етеді. Отбасында балаларға отбасылық бюджеттің 25-50% жұмсалады. Материалдық кірісі мол отбасыларда педагогикалық көзсоқырлық, тойынғандық жағдайға алып барады. Тойынғандық дегеніміз-өмірге,өмірдегі материалдық және рухани құндылықтарға деген жеккөрінішті, келекетті қатынас. Жастайынан осындай ортада өскен балалардың арасына торығушылар, қаңғыбастар ,"қызықты"әсерді іздеушілер өсіп шығады.

Бір балалы отбасы көпшілікпен араласу, ұжымдық қызмет тәжірибесін игеру жағынан баланы қиын жағдайға қалдырады. Бұндай отбасыларда аға, әпке сияқты тәлімгер іні, қарындас сияқты қамқорлығына алатын бауырдың болмауы ұжымдық туыстық қатынастар аясын мүлдем тарылта түседі. Осындай жағдайда баланың қызығушылығы мен қажеттілігін қамтамасыз етуде ата-аналардың педагогикалық нормаларды сақтамауынан бастауыш сынып кезінен оның бойында тоғышарлық, ұжымды жатырқаушылық қасиеттердің қалыптасқандығын аңғарамыз.

Қазақ отбасында дене, еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, құқықтық, сұлулық тәрбиелері жүргізілген. Қазақ отбасында аталған тәрбие түрлерін жүзеге асырудың мақсаты жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу болды.

Отбасындағы дене тәрбиесінің мақсаты бала денесін дамыту, денсаулығын нығайту, ағзасын шынықтыру және күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға, салауатты өмір салтына тәрбиелеу болды.

Қазақ халқы еңбекті бүкіл тәрбие жүйесінің күретамыры деп қарастырды. Еңбекке асыл мұрат деңгейінде қарады. Еңбек тәрбиесі деп баланы еңбекке сүйіспеншілікпен, еңбек адамдарына құрметпен қарауға, халық шаруашылығының салаларындағы еңбек түрлеріне баулу, еңбек іс – әрекетінің барысында олардың дағдысы мен іскерлігін қалыптастыру, болашаққа мамандық таңдауға дайындауды түсінді. Отбасында еңбекке тәрбиелеу, баулу мен кәсіптік бағдар беру баланың қоғамға пайдалы, өнімді еңбекке тікелей қатысуы оқуға деген сапалы көзқарасты тәрбиелеудің, жеке адамды адамгершілік және зиялылық

жағынан қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады. Қазақ отбасы баланы қоғамның моральдық нормасын орындауға қатыстыру, олардың тәртіп және мінез құлық тәжірибесін қалыптастыру, Отанға, халқына, еңбек және қоғамдық іс-әрекетке жауапкершілік сезімін тәрбиелеу арқылы адамгершілікке тәрбиелей білді.

Сондай-ақ, қазақ отбасында адам зиялылығының негізі – ақыл-ой тәрбиесі деп есептелінді. Ақыл-ой тәрбиесі арқылы баланы ойлау іс-әрекетінің шарты болатын білім қорымен қаруландыру, негізі ойлау операцияларын меңгерту, зиялылық біліктері мен дүниетанымын қалыптастыру міндеттері шешілді. Тәрбиенің басқа да салаларымен тығыз байланысты тәрбиенің түрі экономикалық тәрбиеге де қазақ халқы ерекше мән берген. Қазақ халқы бала тәрбиелеуде экономикалық тәрбие деген ұғымды пайдаланбағанымен, тәрбиенің бұл түрі отбасында мақал, өсиет айту, өнеге көрсету арқылы жүзеге асқан. Мысалы, «Еңбегі қаттының ембегі тәтті», «Еңбек- өмірдің тұтқасы, тіршіліктің көзі», «Еңбек – түбі береке», «Үнемшілдік-сараңдық емес», «Ескі киімді баптағаның, жаңа киімді сақтағаның», «Сараң дүниенің малын жыйса да тоймайды» деген мақалдары дәлел бола алады. Бұл ата-бабамыздың экономикалық тәрбиенің негіздері еңбек тәрбиесінде екенін жақсы түсінгенін байқатады. Қазақ отбасында экономикалық тәрбие арқылы айырбас, бөлісу және табыс табу сияқты негізгі экономикалық қатынастарды тәжірибеде меңгеру жүзеге асты. Қазақ халқы ежелден ұл бала мен қыз баланың тәрбиесін бөліп қараған. Ұлды мал бағуға, отын шабуға, қолөнер шеберлігіне, мал табуға, отбасын асырауға, ал қыз баланы ас пісіруге, кесте тігуге, өрмек тоқу сияқты үй ішінің ішкі жұмыстарына үйрету арқылы экономикалық тәрбиенің көзі болып табылатын үнемшілдікке, тәуекелшілдікке үндеп, сараңдыққа салынып кетуден жиренділіп отырған.

Қазақ халқының күнделікті кәсібінде, тұрмыс- тіршілігінде төрт-түлік мал бағу, аң аулап кәсіп етуді ұйымдастыруында да экономикалық тәрбиенің нышандары айқын аңғарылады. Мәселен, «Мал өсірсең – қой өсір, өнімі оның көл-көсір» деп қой малының пайдасының зор екенін ұғындырса, ешкінің өсімталдығымен оның да пайдасы көп екендігін: «Есің кетсе ешкі жи, ешкі жи да, есіңді жи» деп нақты ұғымды кеңестер береді.

Ал, ата-бабаларымыздың қоршаған ортаны аялауы мен оған деген, ізгі, мейірбан қарым-қатынасын мақтанышпен айтуға тұрады. Себебі олар көшпенді өмір сүргендіктен әркез өздерін табиғаттың бір бөлігіміз деп есептеген. Жер Анаға деген құрмет пен ізет олардың санасында ғасырлар бойы қалыптасқан.

Сондықтан, экологиалық нормалардың, ережелердің қажеттілігін жастардың мінез-құлқында тәрбиелеу және экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру әрекеттері қазақ отбасында бала аяғы шығып, апыл - тапыл жүре бастаған кезден-ақ қолға алынған. Қазақ халқы адамның сұлулық сезімдерінің тұлға өмірінде зор рөл атқаратынын жете түсінген. Әсемдікті көре, түсіне, жасай білу адамның рухани өмірін байытады және өнер деп білген. Қазақ отбасындағы сұлулық тәрбиесінің мақсаты баланы көркемдік пен сұлулықты тануға, оған баға беруге, күнделікті өмірдегі адамның жеке басының, қатынас, үй-жағдай және киім-кешек мәдениетін,сыртқы мәдениеті мен ішкі дүниесінің ұштасуының қалыптастыру және талғампаздыққа тәрбиелеуді көздеді.

Қазақ отбасында баланың ерте есеюіне көп көңіл бөлген . Оны жүзеге асыруда олар үлгі-өнеге көрсету, жауапкершілікке арту әдістерін шебер пайдаланған. Баланы ерте жастан-ақ жауапты іс-әрекетке тартып отырған. Мысалы, бес жасында атқа мінгізіп, бәйгеге қосу, қозы баққызу, үлкендердің арасындағы дауды шешу, келіссөз жүргізу т.с.с. істерге бірге ертіп жүрген. Сондай-ақ қазақ отбасы тәрбиесінде ғасырлар бойы қалыптасқан, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан отбасы мүшелерінің қатынасының маңызы зор. Қазақ

халқының отбасы тәрбиесіндегі өзіне тән жарасымдылықтын бір ұшы олардың жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемеуі, алдын кесіп өтпеуі, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемеуінде деп есептемейміз. Және қазақ отбасындағы бала тәрбиесін ұл тәрбиесі, қыз тәрбиесі деп жеке-жеке мән беріп қарастыруда оның өзіндік ерекшеліктерінің ішіндегі маңыздысының бірі.

Қазақ отбасындағы арнайы жазылып бекітілмеген «заңдары» әке мен ұлдың, шеше мен қыз баланың, әке мен қыздың , қыз бен жеңгенің, келін мен ененің, келін мен атаның, нағашы мен жиеннің, бажа, жезде, бөлелердің арасындағы өзара қарым- қатынастары әрқайсысын әдептілікке тәрбиелеудің ерекше қымбат үлгісі іспетті. Қорытындылай келе, бүгінгі таңда отбасы тәрбиесінің қоғамдағы ролін анықтау, яғни отбасы ынтымақтастығын арттыру мәселесі мемлекеттік тұрғыда маңызды орынға көтеріліп отыр. Бұл мәселе ҚР Конституциясында: «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың құқығы, әрі парызы» - деп көрсетілген. Ал, әлемдік деңгейде «Баланың құқығы туралы конвенция» қабылданып, бала дүниеге келмей жатып, қамқорлық жасаудың жолдары қарастырылуда. Мұның өзі, бүгінгі таңда отбасы тәрбиесінің мәні өте күрделі екендігін байқатады. Дүниенің ең тамаша туындысы – тамаша тәрбие алып шыққан адам болып табылады. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы.